



Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2024 жылғы 8 сәуірдегі № 152 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 8 сәуірде № 34238 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Электр энергетикасын дамыту департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық:

1) 2023 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 1-тармағының он сегізінші, он тоғызыншы, отыз бірінші, отыз екінші, отыз үшінші, отыз төртінші, отыз бесінші, отыз алтыншы, отыз жетінші, қырық төртінші, қырық бесінші, қырық алтыншы, қырық жетінші, қырық сегізінші, қырық тоғызыншы, елуінші, елу бірінші, елу екінші, елу үшінші абзацтарын, 2-тармағының сексен екінші, сексен үшінші, сексен төртінші, сексен бесінші абзацтарын, 3-тармағының он тоғызыншы, жиырмамыншы, жиырма бірінші, жиырма екінші, жиырма үшінші, жиырма төртінші, жиырма бесінші,

жиырма алтыншы, жиырма жетінші абзацтарын, 4-тармағының үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші абзацтарын және Тізбеге 2-қосымшаның 2-тармағын қоспағанда;

2) 2024 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 2-тармағының бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы, он жетінші, жиырма бесінші, жиырма алтыншы, жиырма жетінші, жиырма сегізінші, жиырма тоғызыншы абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі

А. Саткалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Бәскелестікті қорғау
және дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрі
2024 жылғы 8 сәуірдегі
№ 152 Бұйрыққа
қосымша

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Электр энергиясының көтерме нарығын ұйымдастыру мен оның жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 106 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10531 болып тіркелді) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Электр энергиясының көтерме нарығын ұйымдастыру мен оның жұмыс істеу қағидаларында:

3-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Электр энергиясының көтерме сауда нарығы электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің арасындағы электр энергиясын сатып алу-сату шарттары негізінде жұмыс істейтін, электр энергиясының жоспарлы көлемдерін сатып алу-сатуға байланысты қатынастар жүйесін білдіреді.

Электр энергиясының бөлшек сауда нарығы субъектілері электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын сатып алу-сатуды жүзеге асырмайды.";

6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"6. Электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын сатып алу-сатуды электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізілген электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері жүзеге асырады. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушыны қоспағанда, электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізу осы Қағидалардың 117-тармағына сәйкес тиісті шарттар жасасу арқылы жүзеге асырылады."

11-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"11. Шартты тұтынушылар электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 2 наурыздағы № 164 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10662 болып тіркелген) бекітілген Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу және сату қағидаларында (бұдан әрі – Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу және сату қағидалары) айқындалған тәртіппен электр энергиясын бірыңғай сатып алушы есептейтін бағалар бойынша және көлемдерде цифрлық майнинг жөніндегі қызметті жүзеге асыратын көтерме сауда нарығы субъектілерінің электр энергиясын тұтынушының жоспарлы көлемдерін, олардың құрамына кіретін жаңартылатын көздер өндірген электр энергиясының көлемдерін, электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері болып табылатын жаңартылатын көздерден сатып алатын электр энергиясының көлемдерін және электр энергиясын бірыңғай сатып алушының жаңартылатын көздерден электр энергиясын сатып алуға жұмсаған шығындарын қоспағанда, республиканың жоспарлы тұтынушының жалпы көлеміндегі олардың электр энергиясын жоспарлы тұтыну үлесін ескере отырып сатып алады, сондай-ақ олар Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 28 желтоқсандағы № 480 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16241 болып тіркелген) үлгілік нысандар бойынша электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды пайдаланатын, жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын объектілер өндіретін электр энергиясын сатып алу-сатудың тиісті шарттарын жасасады."

13-тармақтың 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 210 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10899 болып тіркелген) Электр желілік қағидаларға сәйкес электр

энергиясының белгіленген сенімділік нормалары мен сапа стандарттарына сәйкес электр энергиясын беруді жүзеге асырады;"

16-тармақтың 2) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"2) тұтынушылардың меншігіндегі электр және энергия қондырғыларының және коммерциялық есепке алу аспаптарының тиісті техникалық жай-күйін ұстап тұрады, "Электр энергетикасы туралы" Заңның 19-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес олардың техникалық жай-күйіне қойылатын талаптарды орындайды;"

17-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"17. Барлық энергия өндіруші ұйымдар электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға ғана электр энергиясын сатуды жүзеге асырады және осы Қағидаларға 6, 7-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша тиісті шарттар жасасады және (немесе) олармен бір тұлғалар тобына кіретін тұтынушыларға электр энергиясын сатуды жүзеге асырады және Заңның 13-бабының 3-1-тармағына сәйкес олармен тиісті электр энергиясын сатып алу-сату шарттарын жасасады.":

22-тармақтың 5) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"5) уәкілетті орган бекіткен үлгі нысан бойынша электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен жасалған электр энергиясының жоспарлы көлемін сатып алу-сатудың ұзақ мерзімді шарты бар жаңартылатын көздермен және жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы заңнамаға сәйкес 2023 жылғы 1 шілдеге дейін қаржы-есеп айырысу орталығымен жасалған электр энергиясын сатып алу-сату шарттары бар жаңартылатын көздермен жауапкершілікті беру шартын жасасады және Заңға сәйкес электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында олардың теңгерімінің провайдері болады;"

26-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"26. Электр энергиясының көтерме сауда нарығында электр энергиясын операциялық тәуліктерге сатып алу үшін электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері (электр энергиясын бірыңғай сатып алушыны, цифрлық майнингті жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілерін және электр энергиясын тікелей шетелдік өндірушінің және/немесе үкіметаралық келісімде айқындалатын уәкілетті ұйымның атынан Қазақстан Республикасының аумағында цифрлық майнерлерге өткізетін электр энергиясын берушілерді қоспағанда) операциялық тәуліктің алдындағы тәуліктің 08:00 сағатына дейін (Астана уақыты бойынша) теңгерімдеуші нарық жүйесінде жүйелік оператор бекітетін электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесіне енгізу үшін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әрбір келісімшарттық өнім беруші бойынша жоспарланған сатып алуға өтінім береді және оған электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қояды.

Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері, қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату объектілері өндірген

электр энергиясын орталықтандырылған сатып алу және сату қағидаларына сәйкес айқындалатын, электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан операциялық тәуліктерге сатып алуға міндетті электр энергиясының тиісті сағаттық көлемдері (бұдан әрі – электр энергиясын сатып алудың рұқсат етілген ең аз сағат көлемдері) бөлігінде шартты тұтынушылардың сатып алуға өтінімдері операциялық тәуліктердің алдындағы тәуліктерде теңгерімдеуші нарық жүйесінде автоматты түрде қалыптастырылады, және оларға электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылмайды.

Цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің сатып алуға өтінімдерін осы субъектілер Электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын ұйымдастыру қағидаларына сәйкес орталықтандырылған сауда нарығы операторының сауда жүйесінде береді. Цифрлық майнерлерге арналған орталықтандырылған сауда-саттық қорытындылары бойынша орталықтандырылған сауда нарығының операторы операциялық тәуліктің алдындағы тәуліктің 10:15 сағатына дейін (Астана уақыты бойынша) цифрлық майнерлер үшін орталықтандырылған сауда-саттық қорытындыларын теңгерімдеуші нарық жүйесіне автоматты түрде береді. Цифрлық майнингті жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында цифрлық майнерлерге электр энергиясын тікелей шетелдік өндірушінің атынан өткізетін электр энергиясын берушілер электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы жүйесіне цифрлық майнерлер үшін сауда-саттық аяқталғаннан кейін, бірақ операциялық тәуліктің алдындағы тәуліктің 11:00 сағатынан кешіктірмей (Астана уақыты бойынша) кешіктірмей Қазақстанның шегінен тыс жерден электр энергиясын сатып алуға өтінім береді.

Осы Қағидалардың 113-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылмаған электр энергиясын сатып алуға өтінімдер теңгерімдеуші нарық жүйесінде қабылданбайды және электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесіне енгізілмейді.";

31-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"31. Электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері үшін теңгерімдеуші нарық жүйесінде осы Қағидалардың 26-тармағында көзделген тәртіпке сәйкес екі және одан да көп операциялық тәулікке алға сатып алуға өтінімдер беруге жол беріледі.

Бұл ретте сатып алуға осы өтінімдер жүйелік оператор қалыптастыратын және бекітетін электр энергиясын өндіру-тұтынудың тиісті тәуліктік кестелерінде кезекпен қаралады және ескеріледі.";

мынадай мазмұндағы 31-1-тармақпен толықтырылсын:

"31-1. Жүйелік оператордың ұлттық диспетчерлік орталығы есепті айдан кейінгі айдың 20 (жиырмамыншы) күніне дейінгі мерзімде теңгерімдеуші нарық жүйесінде бекітілген нақты теңгерімнің электрондық көшірмесін жариялайды.";

35-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"35. Электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі (цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілерін қоспағанда) сатып алуға тиісті өтінім берген кезде операциялық тәуліктің алдындағы тәуліктің 08.00 сағатынан кешіктірмей (Астана уақыты бойынша) алдын ала төлеуді жүзеге асырады.

Көтерме сауда нарығы субъектісі үшін үшінші тұлғадан келіп түскен алдын ала төлемді есепке жатқызуды электр энергиясын сатып алу-сатудың тиісті шартына үшжақты қосымша келісім негізінде не алдын ала төлем сомасын және пайдасына алдын ала төлем жүзеге асырылатын көтерме сауда нарығы субъектісін көрсете отырып, үшінші тұлғадан уақтылы жазбаша хабарлама негізінде сегіз жұмыс сағаты ішінде электр энергиясын бірыңғай сатып алушы жүзеге асырады.";

5-параграфтың тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"5-параграф. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының электр энергиясын басқа елдердің электр энергиясын берушілерінен (өндірушілерінен) және (немесе) уәкілетті ұйымнан (импорт) сатып алу тәртібі";

45-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"45. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының басқа елдердің электр энергиясын берушілерден (өндірушілерден) және (немесе) уәкілетті ұйымнан (импорт) тауар алмасуды қамтамасыз ету мақсатында үкіметаралық (мемлекетаралық, ведомствоаралық) келісімдерді (хаттамаларды) орындау үшін электр энергиясының жоспарлы көлемін сатып алуы осы Қағидалардың 81-тармағының 4) тармақшасына сәйкес тәуліктік кестеге енгізу арқылы басым түрде жүзеге асырылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген басқа елдердің электр энергиясын берушілер (өндірушілер) және (немесе) уәкілетті ұйым (импорт), сондай-ақ осы өнім берушілерден (өндірушілерден) және (немесе) уәкілетті ұйымнан сатып алу көлемдері, бағалары мен шарттары тиісті үкіметаралық (мемлекетаралық, ведомствоаралық) келісімдерде (хаттамаларда) айқындалады.

Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы электр энергиясын басқа елдердің электр энергиясын берушілерінен (өндірушілерінен) және (немесе) уәкілетті ұйымнан (импорттан) осы Қағидалардың 84-тармағына сәйкес айқындалатын көлемде және осы өнім берушілердің (өндірушілердің) және (немесе) уәкілетті ұйымның бағалары бойынша сатып алуды жүзеге асырады.

Осы тармақтың үшінші бөлігінде көрсетілген басқа елдердің электр энергиясын берушілері (өндірушілері) және (немесе) уәкілетті ұйым (импорт), оның ішінде жеткізу (импорт) талаптарын үкіметаралық (мемлекетаралық, ведомствоаралық) келісімдерде (хаттамаларда) және (немесе) уәкілетті орган айқындайды.";

46-тармақтың 3) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"3) Заңның 15-4, 15-6 және 15-8-баптарына сәйкес электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы электр қуаты нарығында бір немесе бірнеше ұзақ мерзімді шарттар жасасқан энергия өндіруші ұйым сатуға бір өтінім жібереді, онда қуаты осы шарттардың мәні болып табылатын генерациялайтын қондырғылардың желіге жоспарлы босатуының сағаттық көлемі (энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығынан тыс сату көлемі) мен энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттықтарында операциялық тәулікке сатуға жоспарланатын электр энергиясының сағаттық көлемдерінің қосындысына тең электр энергиясының бірыңғай сатып алушыға операциялық тәуліктерге электр энергиясын сату көлемдері көрсетіледі;"

46-тармақтың 7) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"7) жаңартылатын энергия көздерін (қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды) пайдаланатын және электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен жасалған электр энергиясын сатып алу-сату жөніндегі ұзақ мерзімді шарты жоқ энергия өндіруші ұйым – "Электр энергетикасы туралы" Заңның 19-1-бабы 5-тармағының 2) тармақшасына сәйкес сатуға жеке өтінім береді, онда электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға сату ниеті кезінде - электр энергиясын энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған саудасында электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға операциялық тәуліктерге сатуға жоспарланатын электр энергиясының көлемін көрсетеді (осы тармақшада көрсетілген іс-әрекеттерді жүзеге асыру үшін жаңартылатын энергия көздерін (қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды) пайдаланатын тиісті энергия өндіруші ұйым өзінің электр энергиясын өткізетін энергия өндіруші ұйымдардың тиісті тобына енгізілуін қамтамасыз етеді).

Электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері берген сатып алуға арналған өтінімдердің көлемі алдын ала болып табылады: олар осы субъектілер қатысуды жоспарлап отырған энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығының нәтижелерін, электр энергиясын сатып алудың ең аз рұқсат етілген сағаттық көлемін айқындау, сондай-ақ жүйелік оператор жүргізген электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесінің іске асырылуына техникалық сараптаманы ескере отырып өзектілендіріледі (нақтыланады).

Сатуға арналған өтінімдерге электрондық цифрлық қолтаңба қойылады. Осы Қағидалардың 113-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылмаған сатуға арналған өтінімдер электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы жүйесінде қабылданбайды және электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесіне енгізілмейді.";

4-тарау мынадай мазмұндағы 3-параграфпен толықтырылсын:

"3-параграф. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының электр энергиясын басқа елдердің (экспорт) тұтынушыларына және (немесе) үкіметаралық келісімде айқындалатын уәкілетті ұйымға сату тәртібі

58-1. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының басқа елдердің тұтынушыларына және (немесе) уәкілетті ұйымдарға тауар алмасуды қамтамасыз ету мақсатында үкіметаралық (мемлекетаралық, ведомствоаралық) келісімдерді орындау үшін электр энергиясының көлемін сатуы осы Қағидалардың 5-тарауының 2-параграфына сәйкес электр энергиясын тұтынудың тәуліктік кестесіне басымдық тәртібімен енгізу арқылы жүзеге асырылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген басқа елдердің тұтынушылары және (немесе) уәкілетті ұйымдар, сату көлемдері, бағалары мен шарттары тиісті үкіметаралық, мемлекетаралық, ведомствоаралық келісімдерде және (немесе) хаттамаларда айқындалады.

58-2. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы осы Қағидалардың 76-1-тармағына сәйкес айқындалатын көлемде басқа елдердің және (немесе) уәкілетті ұйымның (елдің жекелеген өңірлерінің суармалы жерлерін суармалы сумен қамтамасыз ету үшін тауар алмасу және экспорттық жеткізу мақсатында үкіметаралық (мемлекетаралық, ведомствоаралық) келісімдерді (хаттамаларды) орындауына жатпайтын) тұтынушыларына электр энергиясын сатуды жүзеге асырады.

Басқа елдердің электр энергиясын тұтынушылары және (немесе) уәкілетті ұйым, экспорттық электр энергиясын сату бағалары мен шарттары үкіметаралық (мемлекетаралық, ведомствоаралық) келісімдерде (хаттамаларда) және (немесе) уәкілетті органмен айқындалады. Бұл ретте экспорттық электр энергиясын сату осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес айқындалған электр энергиясын бірыңғай сатып алушының базалық бағаларының нақты мәндерінен төмен емес бағамен жүзеге асырылады.

Басқа елдердің электр энергиясын тұтынушылары және (немесе) уәкілетті ұйым электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан сатып алуға арналған операциялық тәуліктің әрбір сағаты бойынша көлемі туралы ақпаратты электр энергиясын бірыңғай сатып алушының экспорттық электр энергиясын сатуды жүзеге асыруы үшін операциялық тәуліктің алдындағы сағат 08:30-ға дейін (Астана уақыты бойынша) кешіктірмей жібереді.

Электр энергиясын бірыңғай сатып алушы операциялық тәуліктің алдындағы тәуліктің сағат 10:30-ға дейін (Астана уақыты бойынша) жүйелік операторға операциялық тәуліктің әрбір сағаты бойынша экспорттық электр энергиясының жоспарланған көлемі туралы өтінім жібереді.

Жүйелік оператор басқа елдер субъектілерінің және (немесе) уәкілетті ұйымның атынан теңгерімдеуші нарық жүйесінде электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан

алынған ақпарат негізінде экспорттық электр энергиясын жоспарлы сатып алуға өтінім береді.

Бұл ретте осы Параграфта көрсетілген уәкілетті ұйым үкіметаралық келісімде айқындалады.";

68-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"68. Егер электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесіне жүргізілген техникалық сараптаманың нәтижелері бойынша алдағы тәуліктің бір немесе бірнеше сағатында қалыпты жағдайлар орындалмаған жағдайда, жүйелік оператор алдағы тәуліктің осы сағаттары үшін енгізілген өзгерістердің себептерін көрсете отырып, қалыпты шарттарды орындау үшін қажетті көлемдерде (сағаттық) қалыпты шарттар орындалмайтын сатып алуға және сатуға берілген өтінімдерге (сағаттық) өзгерістер енгізеді.

ҚР БЭЖ-нің бір аймағына (бір торабына) жататын сатып алуға арналған өтінімдер теңгерімдеуші нарық жүйесінде өзгерген кезде электр энергиясын сатуға (сатып алуға) арналған өтінімдер басқа елдердің тұтынушыларынан, цифрлық майнерлерден, үкіметаралық (мемлекетаралық, ведомствоаралық) келісімдерді (хаттамаларды) орындау үшін басқа елдердің тұтынушыларынан басымдық тәртібіндегі өзгерістердің себебін көрсете отырып, бірдей пропорцияда өзгереді.

Енгізілген өзгерістер жеткіліксіз болған жағдайда, өзгерістер қалған өтінімдерге өзгерістердің себебін көрсете отырып, бірдей пропорцияда енгізіледі.";

70-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"70. Электр энергиясын тұтынудың тәуліктік кестесі электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері берген сатып алуға өтінімдер шеңберінде мәлімделген электр энергиясын сатып алудың (тұтынудың) жоспарлы көлемдері, сондай-ақ үкіметаралық (мемлекетаралық, ведомствоаралық) келісімдерді (хаттамаларды) орындау үшін электр энергиясын басқа елдердің тұтынушыларына сату (экспорт) қажет болған жағдайда электр энергиясын бірыңғай сатып алушының өтінімі негізінде осы Қағидаларға сәйкес теңгерімдеуші нарық жүйесінде қалыптастырылады.

Бұл ретте тұтынудың тәуліктік кестесін қалыптастыру кезінде елдің жекелеген өңірлерінің суармалы жерлерін суармалы сумен қамтамасыз ету мақсаттары үшін тауар алмасу мәселесі бойынша үкіметаралық (мемлекетаралық, ведомствоаралық) келісімдерді (хаттамаларды) орындау үшін электр энергиясын басқа елдердің тұтынушыларына сату (экспорт) мақсатында электр энергиясын бірыңғай сатып алушының электр энергиясын сатып алуына өтінім тұтынудың тәуліктік кестесіне басым түрде енгізіледі.";

мынадай мазмұндағы 76-1-тармақпен толықтырылсын:

"76-1. Операциялық тәуліктің әрбір сағаты бойынша сатылмаған квотаның көлемі туралы алынған ақпаратты жүйелік оператор операциялық тәуліктің алдындағы тәуліктің 10:20-сағатына дейін (Астана уақыты бойынша) электр энергиясын бірыңғай

сатып алушыға экспорттық электр энергиясын тиісті сатуды жүзеге асыру үшін жібереді.";

мынадай мазмұндағы 99-1-тармақпен толықтырылсын:

"99-1. Кернеуі 500 кВ және одан жоғары энергия беруші ұйымның ұлттық электр желісіне қосылған желілері бойынша электр энергиясының өңіраралық транзиті жүзеге асырылатын ҚР БЭЖ энергия торабында орналасқан электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері тиісті энергия беруші ұйыммен электр энергиясын беру бойынша қызметтер көрсетуге шарттар жасасады.";

101-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"101. Егер тиісті есептік кезеңнің (күнтізбелік айдың) қорытындылары бойынша өңірлік электр желісі компаниясының желілерінде электр энергиясын генерациялау мен тұтыну арасында оң айырма туындаса, онда осы айырмаға сәйкес келетін электр энергиясын беру жөніндегі көрсетілетін қызметтің көлемін электр энергиясын бірыңғай сатып алушы төлеуге тиіс. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының осы шығындары оның электр энергиясын сатуға арналған бағаларында ескеріледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген электр энергиясын генерациялау мен тұтыну арасындағы оң айырма туралы ақпаратты өңірлік электр желісі компаниясы есеп айырысу кезеңінен кейінгі айдың 10-күнінен (күнтізбелік аймен) кешіктірмей өңірлік электр желісі компаниясы мен жүйелік оператор (өңірлік диспетчерлік орталық) арасында қол қойылған және мөрмен куәландырылған коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін салыстыру актісі нысанында электр энергиясын бірыңғай сатып алушының атына жібереді.";

мынадай мазмұндағы 101-1-тармақпен толықтырылсын:

"101-1. Егер тиісті есеп айырысу кезеңінің (күнтізбелік айдың) қорытындылары бойынша ұлттық электр желісіне қосылған және ҚР БЭЖ энергия торабына электр энергиясының өңіраралық транзитін жүзеге асыратын кернеуі 500 кВ және одан жоғары энергия беруші ұйымның желілерінде келісілген есепке алу нүктелерінде осы энергия беруші ұйымның электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштері мен көтерме сауда электр энергиясы нарығы, осы энергия беруші ұйымның желілеріне қосылған және олармен бірге тұлғалардың бір тобына кіретін энергия өндіруші ұйымдардан электр энергиясын сатып алатын, осы оң айырмашылыққа сәйкес келетін өңіраралық транзит көлемі осы энергия беруші ұйымның желілері бойынша электр энергиясын беру жөніндегі қызмет көлеміне тең және ҚР БЭЖ тиісті энергия торабының электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілері осы Қағидалардың 99-1-тармағына сәйкес тиісті шарттарда көрсетілген тарифтер бойынша тұтыну көлеміне пропорционалды төлеуге жатады.

Ұлттық электр желісіне қосылған кернеуі 500 кВ және одан жоғары энергия беруші ұйымның электр желілері бойынша электр энергиясының өңіраралық транзитінің

көлемі энергия беруші ұйымның нақты теңгерімі, ұлттық электр желісімен шекарада есепке алу аспаптарын салыстыру актісі негізінде айқындалады.

Ұлттық электр желісіне қосылған кернеуі 500 кВ және одан жоғары электр желілері бойынша электр энергиясының өңіраралық транзитін жүзеге асыратын энергия беруші ұйым ай сайын есеп айырысу кезеңінен (күнтізбелік айдан) кейінгі ай аяқталғанға дейін өзінің интернет-ресурсында осы тармақтың бірінші абзацына сәйкес электр энергиясын беру жөніндегі көрсетілген қызметтер туралы ақпаратты тиісті көлемдерді көрсете отырып, электр энергиясының көтерме сауда нарығының әрбір субъектісі бойынша бөліп көрсетіп орналастырады.";

103, 104 және 105-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"103. Құрамына қалалар мен аудандарды орталықтандырылған жылумен жабдықтауды жүзеге асыратын жылу электр орталықтары (электр энергиясы тиісті Тұлғалар тобы шеңберінде тұтынылатын жылу электр орталықтарын қоспағанда) кіретін энергия өндіруші ұйым болып табылатын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі үшін тәуліктің нақты сағатына арналған сағаттық мөлшерлеме мынадай формула бойынша айқындалады:

$$C_{\text{сағ}} = \frac{W_{\text{min (жэо)}}}{W_{\text{сағ(жэо)}}} - 1,5 * \left(1 - \frac{W_{\text{min (жэо)}}}{W_{\text{сағ(жэо)}}} \right), \text{ мұндағы:}$$

$C_{\text{сағ}}$

тәуліктің нақты сағатына арналған сағаттық мөлшерлеме;

$W_{\text{сағ(жэо)}}$

- құрамына қалалар мен аудандарды орталықтандырылған жылу мен жабдықтауды жүзеге асыратын жылу электр орталықтары (электр энергиясын тиісті Тұлғалар тобы шеңберінде тұтынылатын жылу электр орталықтарын қоспағанда) кіретін энергия өндіруші ұйым болып табылатын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі электр энергиясын осы тәуліктің осы сағатына бірыңғай сатып алушыға сатқан электр энергиясының көлемі, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$W_{\text{min (жэо)}}$

- құрамына қалалар мен аудандарды орталықтандырылған жылумен жабдықтауды жүзеге асыратын жылу электр орталықтары (электр энергиясы тиісті Тұлғалар тобы шеңберінде тұтынылатын жылу электр орталықтарын қоспағанда) кіретін энергия өндіруші ұйым болып табылатын электр энергиясының көтерме сауда нарығының

субъектісі бірыңғай сатып алушыға осы тәулікке электр энергиясын сатқан электр энергиясының ең аз сағаттық көлемі, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$W_{\text{сағ(жэо)}}$

(нөлге тең) болған жағдайда сағаттық мөлшерлеме (

$C_{\text{сағ}}$

) нөлге тең.

2024 жылғы 1 шілдеге дейін осы тармаққа сәйкес айқындалатын сағаттық мөлшерлеменің мәні 1 (бірге) теңестіріледі.

104. Құрамына қуаты Заңның 15-4, 15-6 және 15-8-баптарына сәйкес жасалған электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы ұзақ мерзімді шарттардың мәні болып табылатын генерациялайтын қондырғылар кіретін, энергия өндіруші ұйым болып табылатын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі үшін тәуліктің нақты сағатына сағаттық мөлшерлеме (құрылуы осы генерациялайтын қондырғылар есебінен жүзеге асырылуы жоспарланған электр энергиясын сату көлемі үшін) мынадай формула бойынша айқындалады:

$$C_{\text{сағ}} = \frac{W_{\text{min (рм)}}}{W_{\text{сағ(рм)}}} + 3,0 * \left(1 - \frac{W_{\text{min (рм)}}}{W_{\text{сағ(рм)}}} \right)$$

$C_{\text{сағ}}$

- тәуліктің нақты сағатына арналған сағаттық мөлшерлеме;

$W_{\text{сағ(рм)}}$

- Заңның 15-4, 15-6 және 15-8-баптарына сәйкес электр қуаты нарығында электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы бір немесе бірнеше ұзақ мерзімді шарттар жасасқан энергия өндіруші ұйым болып табылатын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі тәуліктің осы сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға сатқан, қуаты Заңның 15-4, 15-6 және 15-8-баптарына сәйкес жасалған электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы ұзақ мерзімді шарттардың мәні болып табылатын генерациялайтын қондырғылар желісіне электр энергиясын жіберу көлемі, кВт*сағ-пен (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$W_{\text{min (рм)}}$

- Заңның 15-4, 15-6 және 15-8-баптарына сәйкес электр қуаты нарығында электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы бір немесе бірнеше ұзақ мерзімді шарттар жасасқан энергия өндіруші ұйым болып табылатын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектісі осы тәулікке электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға сатқан, қуаты Заңның 15-4, 15-6 және 15-8-баптарына сәйкес жасалған электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы ұзақ мерзімді шарттардың мәні болып табылатын генерациялайтын қондырғылар желісіне жіберудің ең аз сағаттық көлемі, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді).

Осы тармақта көрсетілген сағаттық мөлшерлеме Заңның 15-4, 15-6 және 15-8-баптарына сәйкес жасалған, қуаты электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті сатып алу туралы ұзақ мерзімді шарттардың мәні болып табылатын генерациялайтын қондырғылардың электр энергиясы бөлігінде ғана қолданылады (нөлге тең емес).

$W_{\text{сағ(рм)}}$

(нөлге тең) болған жағдайда сағаттық мөлшерлеме (

$C_{\text{сағ}}$

) нөлге тең.

2024 жылғы 1 шілдеге дейін осы тармаққа сәйкес айқындалатын сағаттық мөлшерлеменің мәні 1 (бірге) теңестіріледі.

105. Электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығына қатысатын энергия өндіруші ұйымдар үшін көтерме сауда нарығының субъектісі үшін тәуліктің нақты сағатына арналған сағаттық мөлшерлеме (

$C_{\text{сағ}}$

) мынадай түрде айқындалады:

1)

$C_{\text{сағ}}$

= 1,0 – тәулік сағаттары үшін, 00:01 сағаттан 04:00 сағатқа дейін;

2)

$C_{\text{сағ}}$

= 1,15 – тәулік сағаттары үшін, 04:01 сағаттан 08:00 сағатқа дейін;

3)

$C_{\text{сағ}}$

= 1,30 – тәулік сағаттары үшін, 08:01 сағаттан 15:00 сағатқа дейін;

4)

$C_{\text{сағ}}$

= 1,45 – тәулік сағаттары үшін, 15:01 сағаттан 18:00 сағатқа дейін;

5)

$C_{\text{сағ}}$

= 1,6 – тәулік сағаттары үшін, 18:01 сағаттан 21:00 сағатқа дейін;

6)

$C_{\text{сағ}}$

= 1,45 – тәулік сағаттары үшін, 21:01 сағаттан 23:00 сағатқа дейін;

7)

$C_{\text{сағ}}$

= 1,3 – тәулік сағаттары үшін, 23:01 сағаттан 00:00 сағатқа дейін.

2024 жылғы 1 шілдеге дейін осы тармаққа сәйкес айқындалатын сағаттық мөлшерлеменің мәні 1 (бірге) теңестіріледі.";

109-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"109. Теңгерімдеуші нарық жүйесіне қол жеткізу үшін электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектісі теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығымен теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату шартын, сондай-ақ қосылу шартын жасасады.

Теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы көтерме сауда нарығы субъектілерімен теңгерімдеуші электр энергиясын және теріс теңгерімсіздіктер сатып алу-сату шарты, сондай-ақ қосылу шарты жасалған кезден бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде теңгерімдеуші нарық жүйесіне қол жеткізуді ұсынады.

Теңгерімдеуші нарық жүйесінің жұмысын қолдауды жүйелік оператор жүзеге асырады.

Теңгерімдеуші нарық жүйесіндегі жоспарлы-профилактикалық жұмыстар негізінен демалыс күндері түнгі уақытта жүргізіледі. Жүйелік оператор бұл ретте электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілерін осы жұмыстар туралы алдын ала (жоспарлы-профилактикалық жұмыстар басталғанға дейін кемінде 8 сағат бұрын) хабардар етеді.

Теңгерімдеуші нарық жүйесінде жоспарлы-профилактикалық жұмыстарды жүргізу кезінде теңгерімге қатысуға өтінімдер берілмейді, түзетілмейді, жойылмайды және іске қосылмайды, сатып алуға және сатуға жоспарлы өтінімдерді беру және өзектілендіру де осы уақытта қол жетімді болмайды.";

115-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"115. Жүйелік оператордың атына жіберілген орталықтандырылған сауда нарығы операторының ресми хатымен расталған орталықтандырылған сауда нарығы операторының электрондық сауда жүйесі қол жетімсіз болған кезде:

1) цифрлық майнерлер үшін орталықтандырылған сауда-саттық және энергия өндіруші ұйымдар үшін алдағы операциялық тәуліктерге арналған ағымдағы операциялық тәуліктерде орталықтандырылған сауда-саттық жүргізілмейді;

2) жүйелік оператор электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы жүйесінде цифрлық майнерлерге сатуға арналған қолжетімді квоталар туралы ақпаратты жариялайды;

3) цифрлық майнерлер электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген цифрлық майнерлер үшін квоталар шегінде цифрлық майнерлер үшін соңғы орталықтандырылған сауда-саттықтардың көлемінде және бағалары бойынша сатып алады. Цифрлық майнерлер электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алудың жиынтық көлемі квотаның қолжетімді сағаттық көлемдерінен асып кеткен жағдайда, электр энергиясын сатып алуға тиісті өтінімдер пропорционалды түрде асып кету көлеміне азаяды;

4) электр энергиясын бірыңғай сатып алушы электр энергиясын басым генерациялаудың тәуліктік кестесіне кірмейтін энергия өндіруші ұйымдардан олардың шекті тарифтері бойынша операциялық тәулікке теңгерімдеуші нарық жүйесінде берілген осы энергия өндіруші ұйымдардың электр энергиясын сатуға арналған өтінімдерінде көрсетілген көлемдерде сатып алады. Басым генерацияның тәуліктік кестесіне кірмейтін энергия өндіруші ұйымдардың электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға электр энергиясын сатудың жиынтық көлемі басым генерациямен жабылмаған сұраныс көлемінен бір немесе бірнеше сағат асып кеткен жағдайда, басым генерацияның тәуліктік кестесіне кірмейтін энергия өндіруші ұйымдардың электр энергиясын бірыңғай сатып алушының атына сатуға өтінімдерінің көлемі, пропорционалды түрде асып кету көлеміне азаяды;

5) басым генерацияның тәуліктік кестесінің электр энергиясының сағаттық көлемдерінің және осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларына сәйкес айқындалған басым генерацияның тәуліктік кестесіне кірмейтін энергия өндіруші ұйымдардан электр энергиясын бірыңғай сатып алушының сатып алуының сағаттық көлемдерінің қосындысы электр энергиясын тұтынудың тәуліктік кестесінің сағаттық көлемдерінен асып кеткен кезде жүйелік оператор басым генерацияның тәуліктік кестесіне кірмейтін энергия өндіруші ұйымдардың электр энергиясын сатуға арналған өтінімдерінің сағаттық көлемін асып кету көлемінде осы өтінімдердің іске асырылуының техникалық сараптамасын ескере отырып, осы энергия өндіруші ұйымдардың бірыңғай сатып алушыға сатуға арналған өтінімдерінің сағаттық көлеміне пропорционалды азайтады;

б) электр энергиясын тұтынудың тәуліктік кестесінің сағаттық көлемі электр энергиясын генерациялаудың тәуліктік кестесінің сағаттық көлемінен асып кеткен кезде жүйелік оператор осы өтінімдердің іске асырылуының техникалық сараптамасын ескере отырып, бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алуға арналған өтінімдердің сағаттық көлемін пропорционалды төмендетеді.";

119-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"119. Көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесін өзектілендіруді жүйелік оператор оның өзгеру фактісі бойынша жүзеге асырады.

Жүйелік оператор электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне өзгерістер енгізілгеннен кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде электр энергиясының бірыңғай сатып алушысына және электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының есеп айырысу орталығына электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізілген және одан шығарылған көтерме сауда нарығы субъектілері туралы ақпаратты электрондық пошта арқылы жібереді.";

1-қосымша осы Тізбеге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

2-қосымшада:

4-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"4. Жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тарифтің болжамды мәнін электр энергиясын бірыңғай сатып алушы Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 118 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10622 болып тіркелді) бекітілген Жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тарифті айқындау қағидаларына сәйкес алдағы есептік кезеңге (күнтізбелік айға) ай сайын (ағымдағы айда) есептейді.";

3-қосымша осы Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

5-қосымшада:

3-тармақтың 2) және 3) тармақшалары жаңа редакцияда жазылсын:

"2) ай сайын, есеп айырысу кезеңінен кейінгі айдың 20-күніне дейін Тараптар қол қойған қорларды бөгде тарапқа жіберуге арналған жүкқұжат негізінде шот-фактура жазып беруге міндетті. Қорларды бөгде тарапқа жіберуге арналған жүкқұжат есеп айырысу кезеңі үшін жиынтық көлемін және теңгерімдеуші нарық жүйесінде көрсетілген қорларды бөгде тарапқа жіберуге арналған осы жүкқұжаттың ашып жазылуына сәйкес тиісті есеп айырысу кезеңі үшін электр энергиясын өндіру-тұтынудың бекітілген тәуліктік кестелерінің және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 106 бұйрығымен бекітілген Электр энергиясының көтерме нарығын ұйымдастыру мен оның жұмыс істеу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10531 болып тіркелді) сәйкес есептелген бағалардың негізінде сағаттар бойынша бөліп ресімделеді;

3) Сатып алушы қорларды бөгде тарапқа жіберуге арналған жүкқұжатқа және осы бөгде тарапқа жіберуге арналған жүкқұжатты ашып жазуға қол қоймаса, Сатушының тиісті есеп айырысу кезеңі үшін электр энергиясын өндіру-тұтынудың бекітілген тәуліктік кестелерін және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 106 бұйрығымен бекітілген Электр энергиясының көтерме

нарығын ұйымдастыру мен оның жұмыс істеу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10531 болып тіркелді) сәйкес есептелген бағаларды, шот-фактураларды ұсынуы үшін негіз деп есептеуге;"

4-тармақтың 5) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"5) қорларды бөгде тарапқа жіберуге арналған жүкқұжатқа және бөгде тарапқа жіберуге арналған осы жүкқұжатқа ашып жазуға қол қоймаған жағдайда, осы құжаттарды алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Сатушыға өзінің қарсылығын баяндай отырып, жазбаша өтініш беруге;"

9-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"9. Нақты төлемді Сатып алушы Сатушы ұсынған қорларды бөгде тарапқа жіберуге арналған жүкқұжаттың, осы бөгде тарапқа жіберуге арналған жүкқұжатқа ашып жазу және тиісті есеп айырысу кезеңінің әрбір сағатына нақты базалық бағалар бойынша электр энергиясының көтерме сауда нарығында сатып алынған электр энергиясының көлемі үшін тиісті шот-фактураның негізінде жүргізеді.";

28-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"28. Осы Шарт 20 _____ жылғы _____ бастап күшіне енеді және 20____ жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады, ал өзара есеп айырысу бөлігінде Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.";

6-қосымшада:

5-тармақтың 4) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"4) ай сайын, есеп айырысу кезеңінен кейінгі айдың 20-күніне дейін Тараптар қол қойған қорларды бөгде тарапқа жіберуге арналған жүкқұжат негізінде шот-фактура жазып беруге міндетті. Қорларды бөгде тарапқа жіберуге арналған жүкқұжат есеп айырысу кезеңі үшін жиынтық көлемін және сағат бойынша бөле отырып қорларды бөгде тарапқа жіберуге арналған осы жүкқұжаттың ашып жазылуына сәйкес тиісті есеп айырысу кезеңі үшін электр энергиясын өндіру-тұтынудың бекітілген тәуліктік кестелерінің және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 106 бұйрығымен бекітілген Электр энергиясының көтерме нарығын ұйымдастыру мен оның жұмыс істеу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10531 болып тіркелді) сәйкес есептелген бағалардың негізінде ресімделеді;"

6-тармақтың 2) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"2) сатушы қорларды бөгде тарапқа жіберуге арналған жүкқұжатқа және осы бөгде тарапқа жіберуге арналған жүкқұжатты ашып жазуға қол қоймаған кезде, осы құжатты алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Сатушыға өзінің қарсылығын баяндай отырып жазбаша өтініш беруге;"

10-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"10. Сатылған электр энергиясы үшін түпкілікті есеп айырысуды Сатып алушы Сатушы ұсынған және Тараптар қол қойған қорларды бөгде тарапқа жіберуге арналған

жүкқұжаттың және осы бөгде тарапқа жіберуге арналған жүкқұжатты ашып жазу және сатып алынған электр энергиясының көлемі үшін тиісті шот-фактураның негізінде жүргізеді.";

33-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"33. Осы Шарт 20 _____ жылғы _____ бастап күшіне енеді және 20 _____ жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады, ал өзара есеп айырысу бөлігінде Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.";

7-қосымшада:

5-тармақтың 4) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"4) ай сайын, есеп айырысу кезеңінен кейінгі айдың 20-күніне дейін Тараптар қол қойған қорларды бөгде тарапқа жіберуге арналған жүкқұжат негізінде шот-фактура жазып беруге міндетті. Қорларды бөгде тарапқа жіберуге арналған жүкқұжат есеп айырысу кезеңі үшін жиынтық көлемін және сағат бойынша бөле отырып қорларды бөгде тарапқа жіберуге арналған осы жүкқұжаттың ашып жазылуына сәйкес тиісті есеп айырысу кезеңі үшін электр энергиясын өндіру-тұтынудың бекітілген тәуліктік кестелерінің және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 106 бұйрығымен бекітілген Электр энергиясының көтерме нарығын ұйымдастыру мен оның жұмыс істеу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10531 болып тіркелді) сәйкес есептелген бағалардың негізінде ресімделеді;"

6-тармақтың 2) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"2) сатушы қорларды бөгде тарапқа жіберуге арналған жүкқұжатқа және осы бөгде тарапқа жіберуге арналған жүкқұжатты ашып жазуға қол қоймаған кезде, осы құжаттарды алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Сатушыға өзінің қарсылығын баяндай отырып жазбаша өтініш беруге;"

10-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"10. Сатылған электр энергиясы үшін түпкілікті есеп айырысуды Сатып алушы Сатушы ұсынған және Тараптар қол қойған қорларды бөгде тарапқа жіберуге арналған жүкқұжаттың және осы бөгде тарапқа жіберуге арналған жүкқұжатты ашып жазу және сатып алынған электр энергиясының көлемі үшін тиісті шот-фактураның негізінде жүргізеді.";

33-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"33. Осы Шарт 20 _____ жылғы _____ бастап күшіне енеді және 20 _____ жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады, ал өзара есеп айырысу бөлігінде Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.".

2. "Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 112 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10532 болып тіркелді) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеу қағидаларында:

2-тармақ мынадай мазмұндағы 36-1) тармақшамен толықтырылсын:

"36-1) тепе-теңдік коэффициенті – пайда болған теңгерімсіздіктерді қаржылық реттеу мақсатында теңгерімдеуші электр энергиясының сағаттық бағаларын және теріс теңгерімсіздіктерді есептеу үшін қолданылатын коэффициент";

27-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"27. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілері теңгерімдеуші нарық жүйесінде жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға арналған әрбір жүйелік оператор іске қосқан өтінім (төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға арналған өтінім) туралы автоматты түрде хабардар етіледі, бұл ретте бұл хабарлама тиісті іске қосу жүргізілген минутта жүзеге асырылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген хабарламада мынадай ақпарат болады : егер бір өтінім іске қосылған болса, іске қосылған өтінімнің түрі, оның көлемі мен бағасы, не тиісті минут ішінде бірнеше өтінім іске қосылған болса, іске қосылған өтінімдердің түрлері, олардың көлемі мен бағалары.

Хабарлама алған теңгерімдеуші нарық субъектісі осы хабарламада өтінімнің орындалу мүмкіндігін растайды. Бес минут ішінде алынған хабарламада өтінімді растау болмаған жағдайда, осы өтінім өшіріледі және осы көлемде сараланған тізімде ретімен іске қосылмаған келесі өтінім іске қосылады.";

мынадай мазмұндағы 27-1-тармақпен толықтырылсын:

"27-1. Жүйелік оператордың операциялық тәуліктің бір сағаты ішінде жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеуге қатысуға арналған бір өтінімді кезең-кезеңімен іске қосуына (іріктеуіне) жол беріледі, бұл мынаны білдіреді:

1) бірінші кезеңде, бірінші іске қосу кезінде осы өтінімде көрсетілген бастапқы жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеу көлемінің бастапқы ерікті (жүйелік оператор айқындаған) бірінші бөлігі іске қосылады;

2) келесі кезеңдерде осы өтінімде көрсетілген жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеу көлемінің алдыңғы іске қосылғаннан кейін қалған бөлігі іске қосылады.

Жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеуге қатысуға арналған өтінімдерді кезең-кезеңмен іске қосу (іріктеу) кезінде осы өтінімде көрсетілген жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеудің толық емес көлемінде өтінімдерді іске қосуға болады.

Іске қосудың бірінші кезеңінен кейін жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеуге қатысуға арналған өтінімді кезең-кезеңімен іске қосу шеңберінде осы өтінімнің жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеуінің бастапқы көлемі сағаттың қалған уақыты үшін бірден (сол минутта) теңгерімдеуші нарық жүйесінде осы өтінімді жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеу көлемінің бастапқы (іске қосылғанға дейін) көлемінде жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеу көлемінің бірінші іске қосылған бөлігі қанша пайыз алса, сонша пайызға автоматты түрде түзетіледі (төмендетіледі).

Жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеуге қатысуға арналған өтінімді іске қосудың әрбір келесі кезеңінен (соңғысын қоспағанда) кейін теңгерімдеуші нарық жүйесінде (сол минутта) жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеудің жаңа қалған көлемін (сағаттың қалған уақыты үшін) көрсете отырып, осы өтінімге ұқсас автоматты түзету жүзеге асырылады.

Бұл ретте кезең-кезеңімен іске қосу нәтижелері бойынша электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісін жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеуге қатысуға осындай тәсілмен іске қосылған өтінімде көрсетілген жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеу көлемі осы өтінімді кезең-кезеңімен іске қосу шеңберінде іске қосылған жоғарылатып (төмендетіп) теңгерімдеудің жиынтық көлемі болып табылады.

Іске қосудың әрбір кезеңінде электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының тиісті субъектілері осы Қағидалардың 27-тармағына сәйкес теңгерімдеуші нарық жүйесінде бұл туралы автоматты түрде хабардар етіледі.";

31-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"31. Теңгерімдеу аймағының нәтижелік теңгерімсіздігі нөлге тең болған не теңгерімдеуші нарық жүйесі қолжетімсіз болған операциялық тәулік сағаттары теңгерімдеуші нарық жүйесінде реттеусіз сағат ретінде айқындалады.

Жүйелік оператор "Авария" режимін жариялаған операциялық тәулік сағаттары теңгерімдеуші нарық жүйесінде "Авария" ретінде айқындалады.

Теңгерімдеуші нарық жүйесі қолжетімсіз болған не теңгерімдеу аймағының нәтижелік теңгерімсіздігі нөлге тең болған операциялық тәуліктің өткен сағаты бағыты бойынша қандай болғандығы туралы ақпарат осы сағат не осы сағаттар (егер бірнеше сағат болса) аяқталғаннан кейін бес минут ішінде теңгерімдеуші нарық жүйесінде көрсетіледі.

Реттеусіз сағат ретінде айқындалған тәулік сағаты үшін теңгерімдеуші электр энергиясын және теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы мен электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілері арасындағы теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату бойынша теңгерімдеу аймағындағы барлық операциялар осы Қағидалардың 98 және 98-1-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

"Авария" ретінде айқындалған тәулік сағаты үшін теңгерімдеуші электр энергиясын және теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы мен электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілері арасындағы теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу-сату бойынша теңгерімдеу аймағындағы барлық операциялар осы Қағидалардың 98-2-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

Бұл ретте, жүйелік оператор "Авария" режимі жарияланған операциялық тәулік сағаттары осы сағаттың басында іске қосылған жоғарылатуға (төмендетуге) арналған теңгерімдеуге қатысуға арналған өтінімдер жойылады және жарияланған "Авария" режимі шеңберінде Жүйелік оператордың командаларына теңестіріледі.";

58 және 59-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"58. Операциялық тәуліктің бір сағаты ішінде іске қосу үшін жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға арналған өтінімдерді іріктеуді жүйелік оператор осы тізімде бірінші тұрған өтінімнен бастап, осы сағатқа сәйкес келетін жоғарылатып сараланған тізімнен кезекпен (жоғарыдан-төменге) жүзеге асырады.

Жүйелік оператор электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілерін жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға арналған өтінімдерді бұғаттау себебін көрсете отырып, іске қосылуы тиісті электр беру желілері бойынша жол берілетін ағындардың асып кету қаупін тудыратын өтінімдерді бұғаттайды. Бұғатталған өтінімдер жоғарылатып сараланған тізімдерге қатыспайды, бұл ретте осы өтінімдер теңгерімдеуші нарық субъектілері берген болып есептеледі.

59. Операциялық тәуліктің бір сағаты ішінде іске қосу үшін төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға арналған өтінімдерді іріктеуді жүйелік оператор осы тізімде бірінші тұрған өтінімнен бастап, осы сағатқа сәйкес келетін төмендетіп сараланған тізімнен кезекпен (жоғарыдан-төменге) жүзеге асырады.

Жүйелік оператор электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілерін төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға арналған өтінімдерді бұғаттау себебін көрсете отырып, іске қосылуы тиісті электр беру желілері бойынша жол берілетін ағындардың асып кету қаупін тудыратын өтінімдерді бұғаттайды. Бұғатталған өтінімдер төмендетіп сараланған тізімдерге қатыспайды, бұл ретте осы өтінімдер теңгерімдеуші нарық субъектілері берген болып есептеледі.";

65-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"65. Теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы теңгерімдеуші электр энергиясы нарығының субъектісіне операциялық тәулік сағаты үшін теңгерімдеу аймағында сатылған теңгерімдеуші электр энергиясы үшін төлейтін соманы теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы тиісті өтінімнің нақты орындалуын ескеретін мынадай формула бойынша есептейді:

$$S_{\text{ээт}} = B_{\text{ээт}} * (O_{\text{жоғары}} * l + (O_{\text{факт}}^{\text{жоғары}} - O_{\text{жоғары}}) * d), \quad \text{мұнда}$$

$S_{\text{ээт}}$ - теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы теңгерімдеуші электр энергиясы нарығының субъектісіне операциялық тәулік сағаты үшін теңгерімдеу аймағында сатылған теңгерімдеуші электр энергиясы үшін төлейтін сома, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$O_{\text{факт}}^{\text{жоғары}}$

– осы сағат ішінде теңгерімдеу аймағында ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған теріс теңгерімсіздіктерді шегергенде, осы теңгерімдеу аймағында берілген жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға арналған оның өтінімі іске қосылған сағат ішінде

теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы осы теңгерімдеу аймағында электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісі жасаған теріс теңгерімсіздіктің нақты мәні ретінде айқындайтын теңгерімдеу аймағындағы операциялық тәулік сағаты ішінде электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінің жоғарылатып теңгерімдеуінің нақты көлемі (теңгерімдеуші электр энергиясын сату көлемі), кВт * сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$O_{\text{жоғары}}$

– электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісін жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға берген өтінімде көрсетілген жоғарылатып теңгерімдеу көлемі (теңгерімдеуші электр энергиясын сату көлемі), кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

Бээт- электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінің жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға іске қосылған өтінімінде көрсетілген теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу бағасы (тарифі), теңгемен/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

d - мынадай мәндерді қабылдайтын өлшемсіз коэффициент:

$$d = 1, \text{ егер: } 0,9 * O_{\text{жоғары}} \leq O_{\text{факт}}^{\text{жоғары}} \leq 1,1 * O_{\text{жоғары}},$$

$$d = \frac{1,1 * O_{\text{жоғары}}}{O_{\text{факт}}^{\text{жоғары}}}, \text{ егер: } O_{\text{факт}}^{\text{жоғары}} > 1,1 * O_{\text{жоғары}},$$

$$d = 0, \text{ егер: } O_{\text{факт}}^{\text{жоғары}} < 0,9 * O_{\text{жоғары}};$$

l – мынадай мәндерді қабылдайтын өлшемсіз коэффициент:

$$l = 1, \text{ егер: } O_{\text{факт}}^{\text{жоғары}} \geq 0,9 * O_{\text{жоғары}},$$

$$l = \frac{O_{\text{факт}}^{\text{жоғары}}}{0,9 * O_{\text{жоғары}}} * \frac{O_{\text{факт}}^{\text{жоғары}}}{O_{\text{жоғары}}}, \text{ егер: } 0 < O_{\text{факт}}^{\text{жоғары}} < 0,9 * O_{\text{жоғары}},$$

$$l=0, \text{ егер:}$$

$$O_{\text{факт}}^{\text{жоғары}} = 0$$

(осы сағатта теңгерімдеу аймағында ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған теріс теңгерімсіздіктерді шегергенде, осы теңгерімдеу аймағында берілген оның жоғарылатып теңгерімдеуге қатысуға өтінімі іске қосылған сағат ішінде осы теңгерімдеу аймағында электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісі теріс теңгерімсіздік жасамаған не осы сағатта, керісінше, осы субъект оң теңгерімсіздік жасаған).";

69-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"69. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісі теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына операциялық тәулік сағаты үшін теңгерімдеу аймағында сатып алынған теріс теңгерімсіздіктер үшін төлейтін сома тиісті өтінімнің нақты орындалуын ескеретін мынадай формула бойынша есептеледі:

$$S_{\text{ТТ}} = B_{\text{ТТ}} * (O^{\text{төмен}} * l + (O_{\text{факт}}^{\text{төмен}} - O^{\text{төмен}}) * d), \text{ мұнда:}$$

Стт- электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісі теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына операциялық тәулік сағаты үшін теңгерімдеу аймағында сатып алынған теріс теңгерімсіздіктер үшін төлейтін сома, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$O_{\text{факт}}^{\text{төмен}}$

- теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы осы сағатта теңгерімдеу аймағында ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған оң теңгерімсіздіктерді шегергенде, осы теңгерімдеу аймағында берілген оның төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға арналған өтінімі іске қосылған сағат ішінде осы теңгерімдеу аймағында электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісі жасаған оң теңгерімсіздіктің нақты мәні ретінде айқындайтын теңгерімдеу аймағындағы операциялық тәулік сағаты ішінде электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінің төмендетіп теңгерімдеуінің нақты көлемі (теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу көлемі), кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

Отөмен- - электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісін төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға іске қосылған өтінімде көрсетілген төмендетіп теңгерімдеу көлемі (теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу көлемі) кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

Бтт- электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінің төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға іске қосылған өтінімінде көрсетілген теріс теңгерімсіздіктерді сатып алу бағасы (тарифі), теңгемен/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

d- мынадай мәндерді қабылдайтын өлшемсіз коэффициент:

$$d = 1, \text{ егер: } 0,9 * O^{\text{төмен}} \leq O_{\text{факт}}^{\text{төмен}} \leq 1,1 * O^{\text{төмен}},$$

$$d = \frac{O_{\text{факт}}^{\text{төмен}}}{1,1 * O^{\text{төмен}}}, \text{ егер: } O_{\text{факт}}^{\text{төмен}} > 1,1 * O^{\text{төмен}},$$

$$d = 0, \text{ егер: } O_{\text{факт}}^{\text{төмен}} < O^{\text{төмен}};$$

l – мынадай мәндерді қабылдайтын өлшемсіз коэффициент:

$$l = 1, \text{ егер: } O_{\text{факт}}^{\text{төмен}} \geq 0,9 * O^{\text{төмен}},$$

$$l = \frac{O_{\text{факт}}^{\text{төмен}}}{O^{\text{төмен}}} * 1,3, \text{ егер: } 0,7 * O^{\text{төмен}} \leq O_{\text{факт}}^{\text{төмен}} < 0,9 * O^{\text{төмен}},$$

$$l = \frac{O_{\text{факт}}^{\text{төмен}}}{O^{\text{төмен}}} * 1,7, \text{ егер: } 0,5 * O^{\text{төмен}} \leq O_{\text{факт}}^{\text{төмен}} < 0,7 * O^{\text{төмен}},$$

$$l = \frac{O_{\text{факт}}^{\text{төмен}}}{O^{\text{төмен}}} * 2,0, \text{ егер: } 0 * O^{\text{төмен}} < O_{\text{факт}}^{\text{төмен}} < 0,5 * O^{\text{төмен}},$$

$I=0$,
О_{төмен}
факт

0 егер: (осы сағатта теңгерімдеу аймағында ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған оң теңгерімсіздіктерді шегергенде, осы теңгерімдеу аймағында берілген оның төмендетіп теңгерімдеуге қатысуға арналған өтінімі іске қосылған сағат ішінде осы теңгерімдеу аймағында электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісі оң теңгерімсіздік жасамаған немесе осы сағатта, керісінше, бұл субъект теріс теңгерімсіздік жасаған).";

72, 73, 74 және 75-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"72. Теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы жүйелік операторға тәуліктің бір сағатында теңгерімдеу аймағында сатылған және тәуліктің осы сағатында Ресей Федерациясымен шекарадағы оң ауытқуға сәйкес келетін теңгерімдеуші электр энергиясы үшін төлейтін бағаны осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы айқындайды.

Теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы теңгерімдеу аймағында тәуліктің бір сағаты үшін сатылған және тәуліктің осы сағаты үшін ОА шекарасындағы оң ауытқуға сәйкес келетін теңгерімдеуші электр энергиясы үшін Жүйелік операторға төлейтін баға есепті кезеңнің қорытындылары бойынша қалыптасқан Қазақстан Республикасы мен ОА арасындағы нақты жоспардан тыс сальдо-ағынның бағытына байланысты қолданылатын жүйелік оператор мен Орталық Азияның шаруашылық жүргізуші субъектілері арасында жасалған электр энергиясының жоспардан тыс ағындарын реттеу үшін электр энергиясын сатуға арналған шарттардың не электр энергиясын сатып алуға арналған шарттардың талаптарына сәйкес айқындалады.

73. Теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы жүйелік операторға тәулік сағатына теңгерімдеу аймағында сатылған теңгерімдеуші электр энергиясы үшін төлейтін соманы теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы мынадай формула бойынша есептейді:

$$S_{\text{ЭЭТ}}^{\text{ЖО}} = B_{\text{сағ}(+)}^{\text{РФ}} * \Delta_{\text{сағ}(+)}^{\text{РФ}} + B_{\text{сағ}(+)}^{\text{ОА}} * \Delta_{\text{сағ}(+)}^{\text{ОА}}, \quad \text{мұнда:}$$

$S_{\text{ЭЭТ}}^{\text{ЖО}}$

– теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы жүйелік операторға теңгерімдеу аймағында тәулік сағаты ішінде сатылған теңгерімдеуші электр энергиясы үшін төлейтін сома, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$B_{\text{сағ}(+)}^{\text{РФ}}$

- жүйелік операторға тәулік сағатына теңгерімдеу аймағында сатылған және осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес айқындалатын тәуліктің осы сағатында РФ-мен шекарада оң ауытқуға сәйкес келетін теңгерімдеуші электр энергиясы үшін теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы төлейтін баға, теңге/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$\Delta_{\text{сағ}(+)}^{\text{РФ}}$$

- тәуліктің осы сағаты үшін РФ-мен шекарадағы оң ауытқудың мәні, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$$B_{\text{сағ}(+)}^{\text{ОА}}$$

- теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы жүйелік операторға тәулік сағатына теңгерімдеу аймағында сатылған және тәуліктің осы сағаты үшін ОА шекарасындағы оң ауытқуға сәйкес келетін теңгерімдеуші электр энергиясы үшін төлейтін баға, теңгемен/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$\Delta_{\text{сағ}(+)}^{\text{ОА}}$$

- тәуліктің осы сағаты үшін ОА-мен шекарадағы оң ауытқудың мәні кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді).

74. Жүйелік оператор теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына тәуліктің бір сағатында теңгерімдеу аймағында сатып алынған және тәуліктің осы сағатында РФ-мен шекарадағы теріс ауытқуға сәйкес келетін теріс теңгерімсіздік үшін төлейтін бағаны теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес анықтайды.

Жүйелік оператор теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына тәуліктің бір сағаты үшін теңгерімдеу аймағында сатып алынған және тәуліктің осы сағатында ОА-мен шекарадағы теріс ауытқуға сәйкес келетін теріс теңгерімсіздік үшін төлейтін баға жүйелік оператор мен Орталық Азияның шаруашылық жүргізуші субъектілері арасында жасалған, электр энергиясының жоспардан тыс ағындарын реттеу үшін Қазақстан Республикасы мен ОА арасындағы есепті кезеңнің қорытындылары бойынша қалыптасқан нақты жоспардан тыс сальдо-ағынның бағытына байланысты қолданылатын сатуға арналған шарттардың не электр энергиясын сатып алуға арналған шарттардың талаптарына сәйкес айқындалады.

75. Жүйелік оператор теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына тәулік сағатына теңгерімдеу аймағында сатып алынған теріс теңгерімсіздік үшін төлейтін соманы теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы мынадай формула бойынша есептейді:

$$S_{TT}^{ЖО} = B_{сағ(-)}^{РФ} * \Delta_{сағ(-)}^{РФ} + B_{сағ(-)}^{ОА} * \Delta_{сағ(-)}^{ОА}, \quad \text{мұнда:}$$

$S_{TT}^{ЖО}$

-жүйелік оператор теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына тәулік сағатына теңгерімдеу аймағында сатып алынған теріс теңгерімсіздік үшін төлейтін сома, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$B_{сағ(-)}^{РФ}$

– жүйелік оператор теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына тәулік сағатына теңгерімдеу аймағында сатып алынған және тәуліктің осы сағатына РФ-мен шекарадағы теріс ауытқуға сәйкес келетін теріс теңгерімсіздік үшін төлейтін және осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес айқындалатын баға, теңгемен/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$\Delta_{сағ(-)}^{РФ}$

-РФ-мен шекарадағы теріс ауытқудың мәні (модулі), кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$B_{сағ(-)}^{ОА}$

- жүйелік оператор теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына тәулік сағатына теңгерімдеу аймағында сатып алынған және тәуліктің осы сағатына ОА шекарасындағы теріс ауытқуға сәйкес келетін теріс теңгерімсіздік үшін төлейтін баға, теңгемен/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$\Delta_{сағ(-)}^{ОА}$

- тәуліктің осы сағаты үшін ОА-мен шекарадағы теріс ауытқудың мәні (модулі), кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді).";

80-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"80. Теңгерімдеу аймағындағы электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінің генерациясы мен тұтынуының нақты сағаттық мәндері келісілген хаттамалар бойынша сағаттық есепке алу деректерін Жүйелік оператордың ЭКЕАЖ орталық дерекқорына беруді қамтамасыз ететін оның ЭКЕАЖ деректері бойынша айқындалады.

Жүйелік оператордың ЭКЕАЖ орталық деректер базасында электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінің ЭКЕАЖ-ден көрсетілген сағаттық есепке алу

деректері болмаған кезде есептік кезеңдегі (күнтізбелік айдағы) теңгерімдеу аймағында электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінің генерациясының (тұтынушының) нақты сағаттық мәндері оның осы теңгерімдеу аймағындағы электр энергиясының генерациясы (тұтыну көлемінің нақты мәнінің туындысы ретінде айқындалады) көлемінің есепті кезеңдегі (күнтізбелік айдағы) нақты мәнінің, МВт*сағ-қа (тиісті есептеу аспаптарына сәйкес) бөлінген көбейтіндісі ретінде айқындалады.

Өңірлік жүктеме бейіндерін (облыс, энергия торабы) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 152 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10612 болып тіркелген) бекітілген Электр қуатының нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларына сәйкес Жүйелік оператор айқындайды.";

87-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"87. ЖҚАР жүйесінің басқаруымен жұмыс істейтін энергия өндіруші ұйымдар ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған өзінің барлық теріс теңгерімсіздіктерін теңгерімдеуші электр энергиясының шекті тарифі бойынша теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына сатады.

ЖҚАР жүйесінің басқаруымен жұмыс істейтін энергия өндіруші ұйымдар ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған өзінің барлық оң теңгерімсіздіктерін қосылған құн салығын есепке алмағанда 0,01 теңге/кВт*сағатқа тең баға бойынша тиісті көлемде теңгерімдеуші электр энергиясын теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығынан сатып алу арқылы жабады.";

90-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"90. Теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінен тәуліктің бір сағатында теңгерімдеу аймағында сатылған, жоғарылатуға бір сағат ретінде айқындалған теріс теңгерімсіздікті (ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындамаған) сатып алатын бағаны теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы мынадай тәртіппен қалыптастырады:

1) шекті тарифі бар энергия өндіруші ұйымдар, сондай-ақ құрамында шекті тарифтері бар энергия өндіруші ұйымдар бар өнеркәсіптік кешендер – өзінің шекті тарифі бойынша;

2) электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізілген энергиямен жабдықтаушы ұйымдар, электр энергиясын тұтынушылар және цифрлық майнерлер, сондай-ақ шекті тарифі жоқ энергия өндіруші ұйымдар – электр энергиясын бірыңғай сатып алушының болжамды бағасы бойынша;

3) энергия өндіруші ұйым болып табылатын теңгерім провайдері – өзінің шекті тарифі бойынша;

4) құрамына энергия өндіруші ұйым кіретін өнеркәсіптік кешен болып табылатын теңгерім провайдері – осы энергия өндіруші ұйымның шекті тарифі бойынша;

5) энергия өндіруші ұйымның және/немесе теңгерімдеуші нарықтың басқа субъектілерінің теңгерімсіздіктерін қаржылық реттеу үшін жауапкершілікті өзіне алған , құрамына шекті тарифі бар энергия өндіруші ұйым кіретін, энергия өндіруші ұйым және өнеркәсіптік кешен болып табылмайтын теңгерім провайдері – осы энергия өндіруші ұйымның шекті тарифі бойынша;

6) энергия өндіруші ұйымның және/немесе теңгерімдеуші нарықтың басқа субъектілерінің теңгерімсіздіктерін қаржылық реттеу үшін жауапкершілікті өзіне алған , құрамына шекті тарифі жоқ энергия өндіруші ұйым кіретін, энергия өндіруші ұйым және өнеркәсіптік кешен болып табылмайтын теңгерім провайдері – электр энергиясын бірыңғай сатып алушының болжамды базалық бағасы бойынша.";

мынадай мазмұндағы 90-1 және 90-2-тармақтармен толықтырылсын:

"90-1. Егер электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісі жоғарылатуға арналған бір сағатта бекітілген тәуліктік кестеде көрсетілген генерация-тұтынудың жоспарлы сальдосынан 20% – дан астам нақты генерация-тұтыну сальдосының ауытқуына жол берген жағдайда, онда теңгерімдеу аймағындағы теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына сатылған теріс теңгерімсіздікті (ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындамаған) жоғарылатуға бір сағат ретінде айқындалған тәулік сағатына сату бағасы мынадай тәртіппен қалыптасады:

1) шекті тарифі бар энергия өндіруші ұйымдар, сондай-ақ құрамында шекті тарифі бар энергия өндіруші ұйым бар өнеркәсіптік кешендер – өзінің шекті тарифінен 30%-ға төмен;

2) шекті тарифі жоқ тұтынушылар, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар, энергия беруші ұйымдар, цифрлық майнерлер мен энергия өндіруші ұйымдар – электр энергиясын бірыңғай сатып алушының базалық бағасының нақты мәндерінен 30%-ға төмен.

90-2. Егер теңгерім провайдерімен шарты бар немесе теңгерім провайдерінің функцияларын орындайтын электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісі жоғарылатуға арналған сағатта бекітілген тәуліктік кестеде көрсетілген нақты генерация-тұтыну сальдосының жоспарлы генерация-тұтыну сальдосынан 20%-дан астам ауытқуына жол берген жағдайда, онда теңгерімдеу аймағындағы теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына тәуліктің бір сағаты ретінде сатылған теріс теңгерімсіздікті (ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындамаған) сату бағасы мынадай тәртіппен қалыптастырылады:

1) энергия өндіруші ұйым болып табылатын теңгерім провайдері – осы энергия өндіруші ұйымның шекті тарифінен 30 % - ға төмен;

2) құрамына энергия өндіруші ұйым кіретін өнеркәсіптік кешен болып табылатын теңгерім провайдері – осы энергия өндіруші ұйымның шекті тарифінен 30 % - ға төмен;

3) энергия өндіруші ұйым болып табылмайтын, энергия өндіруші ұйымның немесе құрамына энергия өндіруші ұйым кіретін өнеркәсіптік кешеннің және/немесе

теңгерімдеуші нарықтың басқа субъектілерінің теңгерімсіздіктерін қаржылық реттеу үшін жауапкершілікті өзіне алған теңгерім провайдері – осы энергия өндіруші ұйымның шекті тарифінен 30 % - ға төмен;

4) энергия өндіруші ұйым және өнеркәсіптік кешен болып табылмайтын, құрамына теңгерімдеуші нарық субъектілерінің теңгерімсіздіктерін қаржылық реттеу үшін жауапкершілікті өзіне алған, құрамына энергия өндіруші ұйым кіретін энергия өндіруші ұйым теңгерім провайдері – электр энергиясын бірыңғай сатып алушының болжамды базалық бағасынан 30 % - ға төмен.

Бұл ретте егер теңгерім провайдерімен жауапкершілікті беру шарты бар немесе теңгерім провайдерінің функциясын орындайтын теңгерімдеуші нарық субъектісінде жоспарлы генерация–тұтыну сальдосынан нақты генерация–тұтыну сальдосының ауытқуы (оң және/немесе теріс теңгерімсіздік) 20 % -дан астам болса, онда теңгерім провайдері өзінің барлық теріс теңгерімсіздіктерін осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына сатады.";

91-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"91. Теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісіне – шекті тарифі бар энергия өндіруші ұйымға, сондай-ақ құрамында шекті тарифтері бар энергия өндіруші ұйымдар бар өнеркәсіптік кешендерге теңгерімдеу аймағында тәулік сағаты ретінде айқындалған тәулік сағатында сатылған теріс теңгерімсіздік (ЖАҚР жүйесінің әсерінен туындамаған) үшін төлейтін соманы теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы мынадай формула бойынша есептейді:

$$S_{\text{caf}(-)}^{(\text{ЭӨҰТ})} = \Pi_{\text{caf}(-)}^{(\text{ЭӨҰТ})} * \Delta_{\text{caf}(-)}^{(\text{ЭӨҰТ})},$$

мұнда:

$$S_{\text{caf}(-)}^{(\text{ЭӨҰТ})}$$

- теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы теңгерімдеуші электр энергиясы нарығының субъектісіне – энергия өндіруші ұйымға сатып алынған теңгерімдеу аймағында тәуліктің бір сағатында жоғарылату сағаты ретінде айқындалған (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді) теріс теңгерімсіздік (ЖАҚР жүйесінің әсерінен туындамаған оң теңгерімсіздікке байланысты) үшін төлейтін сома, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенді);

$$\Pi_{\text{caf}(-)}^{(\text{ЭӨҰТ})}$$

- теңгерімдеу аймағында тәуліктің бір сағатында жоғарылату сағаты ретінде сатып алынған, теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы энергия өндіруші ұйымның, шекті тарифтері бар энергия өндіруші ұйымның, сондай-ақ құрамында шекті тарифтерімен энергия өндіруші ұйымдар бар өнеркәсіптік кешендердің электр энергиясының теңгерімдеуші нарық субъектілеріне төлейтін шекті тарифі, кВт*сағ/теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенді);

$$\Delta_{\text{сағ}(+)}^{(\text{ЭӨҰТ})}$$

- электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісі – шекті тарифі бар энергия өндіруші ұйым, сондай-ақ құрамында шекті тарифтерімен энергия өндіруші ұйымдар бар өнеркәсіптік кешен жасаған теріс теңгерімсіздіктің (ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындамаған) жоғарылату сағаты ретінде айқындалған мәні (модулі), кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді).

Бұл тармақ энергия беруші ұйымдардың теңгерімсіздіктеріне және ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған теңгерімсіздіктерге қолданылмайды.";

мынадай мазмұндағы 91-1-тармақпен толықтырылсын:

"91-1. Теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы теңгерімдеуші электр энергиясы нарығының субъектісіне – тұтынушыға, энергиямен жабдықтаушы ұйымға, көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізілген цифрлық майнерлерге, шекті тарифі жоқ энергия өндіруші ұйымдарға теңгерімдеу аймағында жоғарылатуға арналған сағат ретінде айқындалған тәулік сағатында сатып алынған теріс теңгерімсіздік үшін (ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындамаған оң теңгерімсіздікке байланысты) төлейтін соманы теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы мынадай формула бойынша есептейді:

$$S_{\text{сағ}(-)}^{(\text{ТҰТЫНҰ})} = B_{\text{болж.б.}}^{\text{БС}} * \Delta_{\text{сағ}(-)}^{(\text{ТҰТЫНҰ})},$$

мұнда:

$$S_{\text{сағ}(-)}^{(\text{ТҰТЫНҰ})}$$

- теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы теңгерімдеуші электр энергиясы нарығының субъектісіне – тұтынушыға, энергиямен жабдықтаушы ұйымға, цифрлық майнерлерге, шекті тарифі жоқ энергия өндіруші ұйымдарға теңгерімдеу аймағында жоғарылатуға арналған сағат ретінде айқындалған тәулік сағатында сатып алынған теріс теңгерімсіздік үшін (ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындамаған оң теңгерімсіздікке байланысты) төлейтін сома, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

Б^{БС}_{болж.б.}

- тәуліктің осы сағатына электр энергиясын сатуға арналған электр энергиясын бірыңғай сатып алушының болжамды бағасы (қалдық бағасы), теңгемен/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$\Delta_{\text{сағ}(-)}^{(\text{ТҰТЫНҢ})}$

- теңгерімдеу аймағында жоғарылатуға арналған сағат ретінде айқындалған тәулік сағатында электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісі – тұтынушы, энергиямен жабдықтаушы ұйым, цифрлық майнерлер, шекті тарифі жоқ энергия өндіруші ұйым жасаған теріс теңгерімсіздіктің (ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындамаған) мәні (модулі), кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді).

Бұл тармақ энергия беруші ұйымдардың теңгерімсіздіктеріне және ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған теңгерімсіздіктерге қолданылмайды.";

92, 93 және 94-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"92. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісі теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына теңгерімдеуші электр энергиясы үшін (ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындамаған оң теңгерімсіздікке байланысты) теңгерімдеу аймағында тәуліктің бір сағаты үшін сатып алынған, жоғарылату сағаты ретінде айқындалған бағаны теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы мынадай формула бойынша есептейді:

$$B_{\text{сағ}(+)}^{(\uparrow)} = \frac{\sum_{i=1}^n (S_{\text{ээт}.i}) + (S_{\text{ээт}}^{\text{ЖО}} * k - S_{\text{тт}}^{\text{ЖО}}) + S_{\text{сағ}(-).\Sigma}^{(\text{ЭӨҰҢ})} + S_{\text{сағ}(-).\Sigma}^{(\text{ТҰТЫНҢ})} - S_{\text{сағ}}^{\text{РФ}}}{\Delta_{\text{сағ}(+)}^{\text{ҚР}} - \Delta_{\text{сағ}(+).\Sigma}^{\text{ЭЭН}} - \Delta_{\text{сағ}(+).\Sigma}^{\text{ЖҚАР}} - \Delta_{\text{сағ}(+).\Sigma}^{\text{АВАР ЭӨҰ}} - \Delta_{\text{сағ}(+).\Sigma}^{\text{АВАР ТҰТЫН}}}, \text{ где:}$$

$B_{\text{сағ}(+)}^{(\uparrow)}$

- теңгерімдеуші электр энергиясы нарығының субъектісі теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына теңгерімдеу аймағында жоғарылату сағаты ретінде айқындалған тәулік сағатында сатып алынған теңгерімдеуші электр энергиясы үшін (ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындамаған оң теңгерімсіздікке байланысты) төлейтін баға, теңгемен/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$S_{\text{ээт}.i}$

- теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының і-ші субъектісіне тәуліктің осы сағаты ішінде теңгерімдеу аймағында сатылған теңгерімдеуші электр энергиясы үшін төлейтін сома, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$\sum_{i=1}^n$$

- і бойынша сома;

I – 1-ден n-ге дейін өзгертін реттік нөмір;

n – тәуліктің осы сағатында теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына теңгерімдеу аймағындағы теңгерімдеуші электр энергиясын сатқан электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілерінің саны;

$$S_{\text{ЭЭТ}}^{\text{ЖО}}$$

– теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы жүйелік операторға тәуліктің осы сағатында теңгерімдеу аймағында сатылған теңгерімдеуші электр энергиясы үшін (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді) төлейтін сома, теңгемен (егер осы сағат ішінде жүйелік оператор теңгерімдеуші электр энергиясын сатпаса, нөлге теңестіріледі);

k – мынадай мәндерді қабылдайтын түзету коэффициенті:

1) K = 3, егер қаралып отырған сағат Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының электр энергетикалық жүйелерінің қатар жұмыс істеуі туралы шартқа сәйкес бақыланбайтын болса;

2) K = 1, егер қаралып отырған сағат Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының электр энергетикалық жүйелерінің қатар жұмыс істеуі туралы шартқа сәйкес бақылау болып табылса;

$$S_{\text{ТТ}}^{\text{ЖО}}$$

– жүйелік оператор теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына тәуліктің осы сағатында теңгерімдеу аймағында сатып алынған теріс теңгерімсіздік үшін (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді) төлейтін сома, теңгемен (егер осы сағат ішінде жүйелік оператор теріс теңгерімсіздікті сатып алмаса, нөлге теңестіріледі);

$$S_{\text{сағ}(-).\Sigma}^{(\text{ЭЭҮТ})}$$

- теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы теңгерімдеуші электр энергиясы нарығының субъектілеріне – шекті тарифі бар, оның ішінде өнеркәсіптік кешендерге кіретін энергия өндіруші ұйымдарға тәуліктің осы сағатында теңгерімдеу аймағында сатылған теріс теңгерімсіздіктер (ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындамаған) үшін төлейтін сома, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$S_{\text{сағ}(-).\Sigma}^{(\text{ТҰТЫНТ})}$$

- теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы теңгерімдеуші электр энергиясы нарығының субъектілеріне – тұтынушыға, энергиямен жабдықтаушы ұйымға, цифрлық

майнерлерге, шекті тарифі жоқ энергия өндіруші ұйымдарға тәуліктің осы сағатында теңгерімдеу аймағында сатылған теріс теңгерімсіздіктер үшін төлейтін сома, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$S_{\text{сағ}}^{\text{ЕО}}$$

- осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес тәуліктің осы сағатында (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді) теңгерімдеу нарығының есеп айырысу орталығының туындаған шығындары (кірістері), теңгемен (оң және теріс мәндерді де қабылдай алады);

$$\Delta_{\text{сағ}(+)}^{\text{ҚР}}$$

- осы сағатта теңгерімдеу аймағында электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілері жасаған барлық оң теңгерімсіздіктердің қосындысы, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$$\Delta_{\text{сағ}(+).\Sigma}^{\text{АЭК}}$$

- электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының басқа субъектілерімен жауапкершілік беру шартын жасасқан энергия беруші ұйымдар жасаған оң теңгерімсіздіктерді қоспағанда, осы сағатта энергия беруші ұйымдар теңгерімдеу аймағында жасаған барлық оң теңгерімсіздіктердің қосындысы, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$$\Delta_{\text{сағ}(+).\Sigma}^{\text{ЖҚАР}}$$

- осы сағатта теңгерімдеу аймағында осы ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған ЖҚАР жүйесінің басқаруымен жұмыс істейтін электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілерінің барлық оң теңгерімсіздіктерінің қосындысы, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді).

$$B_{\text{сағ}(+)}^{(1)}$$

теріс мәні кезінде ол 0,01тг/кВт*сағ мәніне тең болады.

$$\Delta_{\text{ч}(+).\Sigma}^{\text{АВАР ЭӨҰ}}$$

– шекті тарифі бар энергия өндіруші ұйымдар, сондай-ақ құрамында "Авария" режимі кезінде осы сағат ішінде теңгерімдеу аймағында жүйелік оператордың командаларын орындаған шекті тарифтері бар энергия өндіруші ұйымдар бар өнеркәсіптік кешендер жасаған барлық оң теңгерімсіздіктердің сомасы, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);;

$\Delta_{\text{ч}(+). \Sigma}^{\text{АВАР Тұтын}}$

- "Авария" режимі кезінде осы сағат ішінде теңгерімдеу аймағында жүйелік оператордың командаларын орындаған, шекті тарифі жоқ тұтынушылармен, энергиямен жабдықтаушы ұйымдармен, цифрлық майнерлермен, энергия өндіруші ұйымдармен жасалған барлық оң теңгерімсіздіктердің сомасы, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

Бұл ретте шекті тарифі бар энергия өндіруші ұйымдар, сондай-ақ құрамында шекті тарифтері бар энергия өндіруші ұйымдар бар өнеркәсіптік кешендер үшін баға мынадай тәртіппен қалыптасады:

- егер

$\Pi_{\text{ч}(+)}^{(1)}$

≤ ЭӨҰ шекті тарифі + 30%, онда

$\Pi_{\text{ч}(+)}^{(1)}$

= ЭӨҰ шекті тарифі + 30%;

- егер

$\Pi_{\text{ч}(+)}^{(1)}$

> ЭӨҰ шекті тарифі + 30%, онда

$\Pi_{\text{ч}(+)}^{(1)}$

есеп айырысу ретінде қабылданады.

Энергиямен жабдықтаушы ұйымдар, электр энергиясын тұтынушылар және электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізілген цифрлық майнерлер, сондай-ақ шекті тарифі жоқ энергия өндіруші ұйымдар үшін баға мынадай тәртіппен қалыптасады:

- егер

$\Pi_{\text{ч}(+)}^{(1)}$

≤ Бірыңғай сатып алушының болжамды бағасы + 30%, онда

$\Pi_{\text{ч}(+)}^{(1)}$

= Бірыңғай сатып алушының болжамды бағасы + 30%;

- егер

$\Pi_{\text{ч}(+)}^{(1)}$

> Бірыңғай сатып алушының болжамды бағасы + 30%, онда

$\Pi_{\text{ч}(+)}^{(\uparrow)}$

есеп айырысу ретінде қабылданады.

93. Теңгерімдеу аймағында жоғарылату сағаты ретінде анықталған тәуліктің бір сағатында сатып алынған теңгерімдеуші электр энергиясы үшін (ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындамаған оң теңгерімсіздікке байланысты) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісінің теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына төлейтін сома, теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы мынадай формула бойынша есептейді:

$$S_{\text{caғ}(+)}^{(\uparrow)} = B_{\text{caғ}(+)}^{(\uparrow)} * \Delta_{\text{caғ}(+)}^{(\uparrow)}, \text{ мұнда:}$$

 $S_{\text{caғ}(+)}^{(\uparrow)}$

- теңгерімдеуші электр энергиясы нарығының субъектісі теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына теңгерімдеу аймағында жоғарылату сағаты ретінде анықталған тәуліктің бір сағатында сатып алынған теңгерімдеуші электр энергиясы үшін (ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындамаған оң теңгерімсіздікке байланысты) төлейтін сома, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

 $B_{\text{caғ}(+)}^{(\uparrow)}$

- теңгерімдеуші электр энергиясы нарығының субъектісі теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына теңгерімдеу аймағында жоғарылату сағаты ретінде анықталған тәуліктің бір сағатында сатып алынған теңгерімдеуші электр энергиясы үшін (ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындамаған оң теңгерімсіздікке байланысты) төлейтін баға, теңге/кВт*сағ(жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

 $\Delta_{\text{caғ}(+)}^{(\uparrow)}$

- теңгерімдеу аймағындағы электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісі жоғарылату сағаты ретінде анықталған тәуліктің осы сағаты үшін жасаған оң теңгерімсіздіктің (ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындамаған) мәні, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді).

Бұл тармақ энергия беруші ұйымдардың теңгерімсіздіктеріне және ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған теңгерімсіздіктерге қолданылмайды.

94. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісі теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына теңгерімдеуші электр энергиясы үшін (ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындамаған оң теңгерімсіздікке байланысты) теңгерімдеу

аймағында тәуліктің бір сағаты үшін сатып алынған төмендеу сағаты ретінде айқындалған бағаны теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы мынадай тәртіппен қалыптастырады:

1) шекті тарифі бар энергия өндіруші ұйымдар, сондай-ақ құрамында шекті тарифтері бар энергия өндіруші ұйымдар бар өнеркәсіптік кешендер – өзінің шекті тарифі бойынша;

2) электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізілген энергиямен жабдықтаушы ұйымдар, электр энергиясын тұтынушылар және цифрлық майнерлер, сондай-ақ шекті тарифі жоқ энергия өндіруші ұйымдар – электр энергиясын бірыңғай сатып алушының бағасы бойынша;

3) энергия өндіруші ұйым болып табылатын теңгерім провайдері – өзінің шекті тарифі бойынша;

4) құрамына энергия өндіруші ұйым кіретін, өнеркәсіптік кешен болып табылатын теңгерім провайдері – осы энергия өндіруші ұйымның шекті тарифі бойынша;

5) құрамына шекті тарифі бар энергия өндіруші ұйым кіретін, энергия өндіруші ұйымның және/немесе теңгерімдеуші нарықтың басқа субъектілерінің теңгерімсіздіктерін қаржылық реттеу үшін жауапкершілікті өзіне алған, энергия өндіруші ұйым және өнеркәсіптік кешен болып табылмайтын теңгерім провайдері – осы энергия өндіруші ұйымның шекті тарифі бойынша;

6) құрамына шекті тарифі жоқ энергия өндіруші ұйым кіретін энергия өндіруші ұйымның және/немесе теңгерімдеуші нарықтың басқа субъектілерінің теңгерімсіздіктерін қаржылық реттеу үшін жауапкершілікті өзіне алған, энергия өндіруші ұйым және өнеркәсіптік кешен болып табылмайтын, теңгерім провайдері – электр энергиясын бірыңғай сатып алушының болжамды бағасы бойынша.";

мынадай мазмұндағы 94-1 және 94-2-тармақтармен толықтырылсын:

"94-1. Егер электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісі сағатына төмендетуге бекітілген тәуліктік кестеде көрсетілген генерация-тұтынудың жоспарлы сальдосынан 20 %-дан астам нақты генерация-тұтыну сальдосының ауытқуына жол берген жағдайда, онда теңгерімдеуші электр энергиясын теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығынан теңгерімдеу аймағында тәулік сағаты ретінде айқындалған тәулік сағатын сатып алу бағасы мынадай тәртіппен қалыптастырылады:

1) шекті тарифі бар энергия өндіруші ұйымдар, сондай-ақ құрамында шекті тарифі бар энергия өндіруші ұйым бар өнеркәсіптік кешендер – өзінің шекті тарифінен 30 % - ға жоғары;

2) шекті тарифі жоқ тұтынушылар, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар, энергия беруші ұйымдар, цифрлық майнерлер және энергия өндіруші ұйымдар – электр энергиясын бірыңғай сатып алушының базалық бағасының нақты мәндерінен 30 % - ға жоғары.

94-2. Егер теңгерім провайдерімен шарты бар немесе теңгерім провайдерінің функцияларын орындайтын электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісі жоғарылатуға арналған бір сағатта бекітілген тәуліктік кестеде көрсетілген генерация-тұтыну сальдосынан 20 % – дан астам нақты генерация-тұтыну сальдосының ауытқуына жол берген жағдайда, онда теңгерімдеуші электр энергиясын теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығынан тәулік сағаты ретінде айқындалған теңгерімдеу аймағы үшін сатып алу бағасы төмендеу үшін мынадай тәртіппен қалыптастырылады:

1) энергия өндіруші ұйым болып табылатын теңгерім провайдері – осы энергия өндіруші ұйымның шекті тарифінен 30 % - ға жоғары;

2) құрамына энергия өндіруші ұйым кіретін өнеркәсіптік кешен болып табылатын теңгерім провайдері – осы энергия өндіруші ұйымның шекті тарифінен 30 % - ға жоғары;

3) энергия өндіруші ұйымның және теңгерімдеуші нарықтың басқа субъектілерінің теңгерімсіздіктерін қаржылық реттеу үшін жауапкершілікті өзіне алған, құрамына энергия өндіруші ұйым кіретін, энергия өндіруші ұйым және өнеркәсіптік кешен болып табылмайтын теңгерім провайдері – осы энергия өндіруші ұйымның шекті тарифінен 30 % - ға жоғары;

4) энергия өндіруші ұйым болып табылмайтын, теңгерімдеуші нарық субъектілерінің теңгерімсіздіктерін қаржылық реттеу үшін жауапкершілікті өзіне алған , құрамына энергия өндіруші ұйым кіретін энергия өндіруші ұйым және энергия өндіруші ұйым болып табылмайтын теңгерім провайдері – электр энергиясын бірыңғай сатып алушының болжамды базалық бағасынан 30 % - ға жоғары.

Бұл ретте егер теңгерім провайдерімен жауапкершілікті беру шарты бар теңгерімдеуші нарық субъектісінде немесе теңгерім провайдері функциясын орындайтын теңгерімдеуші нарық субъектісінде жоспарлы генерация – тұтыну сальдосынан нақты генерация – тұтыну сальдосының ауытқуы (оң және/немесе теріс теңгерімсіздік) 20%-дан астам болса, онда теңгерім провайдері өзінің барлық теріс теңгерімсіздіктерін осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына сатады.";

95-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"95. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісі – шекті тарифі бар, сондай-ақ құрамында шекті тарифімен энергия өндіруші ұйымдар бар өнеркәсіптік кешендер теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына теңгерімдеу аймағында төмендету сағаты ретінде анықталған тәулік сағатында сатып алынған теңгерімдеуші электр энергиясы үшін (ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындамаған оң теңгерімсіздікке байланысты) төлейтін соманы теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы мынадай формула бойынша есептейді:

$$S_{\text{сағ}(+)}^{(\text{ЭӨҰІ})} = B_{\text{сағ}(+)}^{(\text{ЭӨҰІ})} * \Delta_{\text{сағ}(+)}^{(\text{ЭӨҰІ})}, \text{ мұнда:}$$

$$S_{\text{сағ}(+)}^{(\text{ЭӨҰІ})}$$

- электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісі – шекті тарифі бар энергия өндіруші ұйым, сондай-ақ құрамында шекті тарифімен энергия өндіруші ұйымдар бар өнеркәсіптік кешендер теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына теңгерімдеу аймағында төмендету сағаты ретінде анықталған тәулік сағатына сатып алынған теңгерімдеуші электр энергиясы үшін (ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындамаған оң теңгерімсіздікке байланысты) төлейтін сома, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$B_{\text{сағ}(+)}^{(\text{ЭӨҰІ})}$$

– электр энергиясы теңгерімдеуші нарығының субъектісі теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына теңгерімдеу аймағында төмендету сағаты ретінде анықталған тәулік сағатына сатып алынған теңгерімдеуші электр энергиясы үшін (ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындамаған оң теңгерімсіздікке байланысты) төлейтін энергия өндіруші ұйымның шекті тарифі, теңгемен/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$\Delta_{\text{сағ}(+)}^{(\text{ЭӨҰІ})}$$

- электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісі – шекті тарифі бар шекті тарифі бар энергия өндіруші ұйым, сондай-ақ құрамында шекті тарифімен энергия өндіруші ұйымдар бар өнеркәсіптік кешендер теңгерімдеу аймағында төмендетуге арналған сағат ретінде айқындалған тәулік сағатында теңгерімдеу аймағында жасаған оң теңгерімсіздіктің (ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындамаған) мәні, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

Бұл тармақ энергия беруші ұйымдардың теңгерімсіздіктеріне және ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған теңгерімсіздіктерге қолданылмайды.";

мынадай мазмұндағы 95-1-тармақпен толықтырылсын:

"95-1. Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісі – тұтынушы, энергиямен жабдықтаушы ұйым, көтерме сауда нарығы субъектілерінің тізбесіне енгізілген цифрлық майнер және шекті тарифі жоқ энергия өндіруші ұйым теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына теңгерімдеу аймағында төмендету сағаты ретінде анықталған тәулік сағатына сатып алынған теңгерімдеуші электр энергиясы үшін (ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындамаған оң теңгерімсіздікке байланысты) төлейтін сома, теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы мынадай формула бойынша есептейді:

$$S_{\text{сағ}(+)}^{(\text{тұтын}\downarrow)} = B_{\text{болж.сағ.}}^{\text{БС}} * \Delta_{\text{сағ}(+)}^{(\text{тұтын}\downarrow)}, \text{ мұнда:}$$

$$S_{\text{сағ}(+)}^{(\text{тұтын}\downarrow)}$$

- электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісі – тұтынушы, энергиямен жабдықтаушы ұйым, цифрлық майнер және шекті тарифі жоқ энергия өндіруші ұйым теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына теңгерімдеу аймағында төмендету сағаты ретінде анықталған тәулік сағатына сатып алынған теңгерімдеуші электр энергиясы үшін (ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындамаған оң теңгерімсіздікке байланысты) төлейтін сома, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$B_{\text{болж.сағ.}}^{\text{БС}}$$

- тәуліктің осы сағатында электр энергиясын бірыңғай сатып алушының электр энергиясын сатуға арналған болжамды бағасы (қалдық бағасы), теңгемен/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$\Delta_{\text{сағ}(+)}^{(\text{тұтын}\downarrow)}$$

электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісі – тұтынушы, энергиямен жабдықтаушы ұйым, цифрлық майнер және шекті тарифі жоқ энергия өндіруші ұйым теңгерімдеу аймағында төмендету сағаты ретінде анықталған тәуліктің осы сағатында жасаған оң теңгерімсіздіктің (ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындамаған) мәні, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді).

Бұл тармақ энергия беруші ұйымдардың теңгерімсіздіктеріне және ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған теңгерімсіздіктерге қолданылмайды.";

96, 97 және 98-тармақтар жаңа редакцияда жазылсын:

"96. Теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектісінен теңгерімдеу аймағында төмендетуге арналған сағат ретінде айқындалған тәулік сағатына сатылған теріс теңгерімсіздігін (ЖҚАР әсерінен туындамаған) сатып алатын бағаны теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы мынадай формула бойынша есептейді:

$$B_{\text{сағ}(-)}^{(\downarrow)} = \frac{\sum_{i=1}^n (S_{\text{тт},i}) + (S_{\text{тт}}^{\text{БС}} - S_{\text{ээт}}^{\text{ЖО}}) + S_{\text{сағ}(+),\Sigma}^{(\text{ЭӨҰ}\downarrow)} + S_{\text{сағ}(+),\Sigma}^{(\text{тұтын}\downarrow)} + S_{\text{сағ}}^{\text{ЕО}}}{\Delta_{\text{сағ}(-)}^{\text{КР}} - \Delta_{\text{сағ}(-),\Sigma}^{\text{АЭК}} - \Delta_{\text{сағ}(-),\Sigma}^{\text{ЖҚАР}} - \Delta_{\text{сағ}(-),\Sigma}^{\text{АВАР ЭӨҰ}} - \Delta_{\text{сағ}(-),\Sigma}^{\text{АВАР ТҰТЫН}}}, \text{ мұнда:}$$

$$B_{\text{сағ}(-)}^{(4)}$$

– теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы теңгерімдеуші электр энергиясы нарығының субъектісінен теңгерімдеу аймағында төмендетуге арналған сағат ретінде айқындалған тәулік сағатына сатылған теріс теңгерімсіздікті (ЖҚАР әсерінен туындамаған) сатып алатын баға, теңгемен/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$S_{\text{тт.}i}$$

- электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының i -субъектісі теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына тәуліктің осы сағатында теңгерімдеу аймағында сатып алынған теріс теңгерімсіздік үшін төлейтін сома, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$\sum_{i=1}^p$$

- i бойынша сомасы;

i - 1-ден p -ге дейін өзгертін реттік нөмір;

p - тәуліктің осы сағатында теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығынан теңгерімдеу аймағындағы теріс теңгерімсіздіктерді сатып алған электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілерінің саны;

$$S_{\text{тт}}^{\text{БС}}$$

- жүйелік оператор теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына тәуліктің осы сағатында сатып алынған теріс теңгерімсіздік үшін (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді) төлейтін сома, теңгемен (егер осы сағат ішінде жүйелік оператор теріс теңгерімсіздікті сатып алмаса, нөлге теңестіріледі);

$$S_{\text{ЭЭТ}}^{\text{ЖО}}$$

- теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығы жүйелік операторға тәуліктің осы сағатында теңгерімдеу аймағында сатылған теңгерімдеуші электр энергиясы үшін (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді) төлейтін сома, теңгемен (егер осы сағат ішінде жүйелік оператор теңгерімдеуші электр энергиясын сатпаса, нөлге теңестіріледі);

$$S_{\text{сағ}(+)\Sigma}^{(\text{ЭЭҰ})}$$

- электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері – шекті тарифі бар, оның ішінде өнеркәсіптік кешенге кіретін энергия өндіруші ұйымдар теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына тәуліктің осы сағатында теңгерімдеу аймағында

сатып алынған теңгерімдеуші электр энергиясы үшін (ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындамаған оң теңгерімсіздіктерге байланысты) төлейтін сома, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$S_{\text{сағ}(+).\Sigma}^{(\text{тұтын})\downarrow}$$

- электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері – тұтынушылар, энергиямен жабдықтаушы ұйымдар, цифрлық майнерлер, шекті тарифі жоқ энергия өндіруші ұйымдар теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына тәуліктің осы сағатында теңгерімдеу аймағында сатып алынған теңгерімдеуші электр энергиясы үшін (ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындамаған оң теңгерімсіздіктерге байланысты) төлейтін сома, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$S_{\text{сағ}}^{\text{ЕО}}$$

- осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес тәуліктің осы сағатында (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді) теңгерімдеу нарығының есеп айырысу орталығының туындаған шығындары, (кірістері), теңгемен (оң және теріс мәндерді де қабылдайды);

$$\Delta_{\text{сағ}(-)}^{\text{ҚР}}$$

- осы сағат ішінде теңгерімдеу аймағында электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілері жасаған барлық теріс теңгерімсіздіктер қосындысының модулі, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$$\Delta_{\text{сағ}(-).\Sigma}^{\text{АЭК}}$$

- электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының басқа субъектілерімен жауапкершілікті беру шартын жасасқан энергия беруші ұйымдар жасаған теріс теңгерімсіздіктерді қоспағанда, осы сағат ішінде энергия беруші ұйымдар теңгерімдеу аймағында жасаған барлық теріс теңгерімсіздіктер қосындысының модулі, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$$\Delta_{\text{сағ}(-).\Sigma}^{\text{ЖҚАР}}$$

2. Теңгерімдеуші электр энергиясын сатудан және ЖҚАР жүйесін басқарумен жұмыс істейтін теңгерімдеуші электр энергиясы нарығы субъектілерінен теріс теңгерімсіздіктерді сатып алудан болатын теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығының тәулік сағатына (

$$S_{\text{сағ}}^{\text{ЖҚАР}}$$

), теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді) теңгерімдеу аймағындағы шығындары (кірістері) формула бойынша айқындалады:

$$S_{\text{сағ}}^{\text{ЖҚАР}} = B_{(+)}^{\text{ЖҚАР}} * \sum_{j=1}^y \Delta_{\text{сағ}(+).j}^{\text{ЖҚАР}} - B_{(-)}^{\text{ЖҚАР}} * \sum_{i=1}^h \Delta_{\text{сағ}(-).i}^{\text{ЖҚАР}}, \text{ мұнда:}$$

$$B_{(+)}^{\text{ЖҚАР}}$$

- ЖҚАР жүйесінің басқаруымен жұмыс істейтін электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісі осы ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған оң теңгерімсіздіктерге байланысты теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығынан теңгерімдеуші электр энергиясын сатып алатын баға, теңгемен/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$\Delta_{\text{сағ}(+).j}^{\text{ЖҚАР}}$$

- ЖҚАР жүйесін басқарумен жұмыс істейтін электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының j-ші субъектісінің осы сағаттағы теңгерімдеу аймағында осы ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған оң теңгерімсіздігі (бүтін санға дейін дөңгелектенеді), кВт*сағ;

$$\sum_{j=1}^y$$

- j бойынша сома;

j - 1-ден y-ге дейін өзгертін реттік нөмір;

у - осы сағатта теңгерімдеу аймағында ЖҚАР жүйесінің әсер етуі себебінен оң теңгерімсіздік жасаған ЖҚАР жүйесіне әсер етуімен жұмыс істейтін электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілерінің саны;

$$B_{(-)}^{ЖҚАР}$$

- ЖҚАР жүйесінің басқаруымен жұмыс істейтін электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектісі осы ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған өзінің теріс теңгерімсіздіктерін теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығына сататын баға, теңгемен/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$$\Delta_{сағ(-),i}^{ЖҚАР}$$

- осы сағатта теңгерімдеу аймағында осы ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған ЖҚАР жүйесін басқарумен жұмыс істейтін электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының і-ші субъектісінің теріс теңгерімсіздік модулі, теңгемен/ кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$$\sum_{i=1}^h$$

- j бойынша сомасы;

j - 1-ден h-ге дейін өзгертін реттік нөмір;

h - осы сағатта теңгерімдеу аймағында ЖҚАР жүйесінің әсер етуі себебінен теріс теңгерімсіздік жасаған ЖҚАР жүйесін басқарумен жұмыс істейтін электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілерінің саны.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметімен өнімді бөлу туралы шарт жасасқан электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілерінен теңгерімдеуші электр энергиясын сатудан және теріс теңгерімсіздіктерді сатып алудан теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығының тәулік сағатына (

$$S_{сағ}^{ЖЕК}$$

) теңгерімдеу аймағындағы кірістері, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді), мынадай формула бойынша айқындалады:

$$S_{сағ}^{ЖЕК} = \frac{ЖЕК'_{ай} - ЖЕК''_{ай}}{\Delta_{сағ(-)}^{КР(қолд)} + \Delta_{сағ(+)}^{КР(қолд)}} * \Delta_{ч(i)}^{КР(қолд)} * u, \quad \text{мұнда:}$$

$$ЖЕК'_{ай}$$

- Қазақстан Республикасының Үкіметімен өнімді бөлу туралы шарт жасасқан электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілерінің теңгерімдеуші электр энергиясы үшін теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығының мекенжайына өткен есептік

кезең үшін (күнтізбелік ай) жиынтық төлем көлемі және осы кезеңдегі теңгерімдеу аймағында одан сатып алынған теріс теңгерімсіздіктер, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

ЖЕК''_{ай}

- Қазақстан Республикасының Үкіметімен өнімді бөлу туралы шарт жасасқан электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілерінің теңгерімдеуші электр энергиясы үшін теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығының мекенжайына өткен есептік кезең үшін (күнтізбелік ай) жиынтық төлем көлемі және осы кезеңдегі теңгерімдеу аймағында олардан сатып алынған теріс теңгерімсіздіктер, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$\Delta_{\text{сағ}(-)}^{\text{ҚР(қолд)}}$

- энергия беруші ұйымдардың теріс теңгерімсіздіктері және ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған теңгерімсіздіктер енгізілмеген теңгерімдеу аймағында есептік кезеңнің (күнтізбелік айдың) сағаттары үшін электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілері жасаған барлық теріс теңгерімсіздіктер сомасының модулі, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді) ;

$\Delta_{\text{сағ}(+)}^{\text{ҚР(қолд)}}$

– электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының субъектілері энергия беруші ұйымдардың оң теңгерімсіздіктері және ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған теңгерімсіздіктер кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді) енгізілмеген теңгерімдеу аймағында өсуге арналған сағат ретінде айқындалған есептік кезеңнің (күнтізбелік айдың) сағаттары үшін жасаған барлық оң теңгерімсіздіктердің сомасы;

$\Delta_{\text{сағ}(+/-)}^{\text{ҚР(қолд)}}$

- тәулік сағатына байланысты мынадай екі мәннің бірін қабылдайтын мән:

1) энергия беруші ұйымдардың теріс теңгерімсіздіктері және ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған теңгерімсіздіктер енгізілмеген теңгерімдеу аймағында электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілері тәуліктің бір сағатында жасаған барлық теріс теңгерімсіздіктер қосындысының модулі, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді) – егер тәуліктің бір сағаты төмендеу сағаты ретінде айқындалса;

2) энергия беруші ұйымдардың оң теңгерімсіздіктері және ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған теңгерімсіздіктер енгізілмеген теңгерімдеу аймағында электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілері тәуліктің бір сағатында жасаған барлық оң теңгерімсіздіктердің қосындысы, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді) – егер тәуліктің бір сағаты жоғарылау сағаты ретінде айқындалса;

и- мынадай мәндерді қабылдайтын өлшемсіз коэффициент:

$u = 1$, $ЖЕК'_{ай} > ЖЕК''_{ай}$ үшін,

$u = 0$, $ЖЕК'_{ай} \leq ЖЕК''_{ай}$ үшін.

4. Тәуліктің осы сағатнда теңгерімдеу аймағындағы теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығының операциялық шығындары ($S_{сағ}^{опер}$), теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді) формула бойынша айқындалады:

$$S_{сағ}^{опер} = \frac{S_{ай}^{опер}}{\Delta_{сағ,\Sigma}^{КР(қолд)}(-) + \Delta_{сағ,\Sigma}^{КР(қолд)}(+)} * (\Delta_{сағ(+/-)}^{КР(қолд)}) \text{ мұнда:}$$

$S_{ай}^{опер}$

- теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығының есептік кезеңдегі (күнтізбелік айдағы) ($S_{ай}^{опер}$)

$S_{ай}^{опер}$

) барлық теңгерімдеу аймақтарында теңгерімдеуші нарықта есеп айырысуларды ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі қызметтен кірістері, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$\Delta_{сағ,\Sigma}^{КР(қолд)}(-)$

- энергия беруші ұйымдардың теріс теңгерімсіздіктері және ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған теңгерімсіздіктер енгізілмеген барлық теңгерімдеу аймақтарында есептік кезеңнің (күнтізбелік айдың) сағаттары үшін электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілері жасаған барлық теріс теңгерімсіздіктер сомасының модулі, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$\Delta_{сағ,\Sigma}^{КР(қолд)}(+)$

- электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілері энергия беруші ұйымдардың оң теңгерімсіздіктері және ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған теңгерімсіздіктер енгізілмеген барлық теңгерімдеу аймақтарында төмендету сағаты ретінде айқындалған есептік кезеңнің (күнтізбелік айдың) сағаттары үшін жасаған барлық оң теңгерімсіздіктердің сомасы, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$\Delta_{сағ(+/-)}^{КР(қолд)}$

- тәулік сағатына байланысты мынадай екі мәннің бірін қабылдайтын мән:

1) энергия беруші ұйымдардың теріс теңгерімсіздіктері және ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған теңгерімсіздіктер енгізілмеген теңгерімдеу аймағында электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілері тәуліктің бір сағатында жасаған барлық теріс теңгерімсіздіктер сомасының модулі, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді) – егер тәуліктің бір сағаты төмендету сағаты ретінде айқындалса;

2) электр энергиясының теңгерімдеуші нарығы субъектілері энергия беруші ұйымдардың оң теңгерімсіздіктері және ЖҚАР жүйесінің әсерінен туындаған теңгерімсіздіктер енгізілмеген теңгерімдеу аймағында тәуліктің бір сағатында жасаған барлық оң теңгерімсіздіктердің сомасы, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді) – егер тәуліктің бір сағаты жоғарылату сағаты ретінде айқындалса.";

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. "Авария" режимінде (

$S_{\text{ч}}^{\text{Авар}}$

) тәуліктегі аталған сағат ішінде теңгерімдеу аймағындағы теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығының шығындары (кірістері) мынадай формула бойынша айқындалады:

$$S_{\text{сағ}}^{\text{Авар}} = \left(\sum_{* 1,3} \Delta_{\text{сағ}(+)}^{\text{ЭӨҰ}} * 0,7 * B^{\text{шек}} - \sum \Delta_{\text{сағ}(-)}^{\text{ЭӨҰ}} * 1,3 * B^{\text{шек}} \right) - \sum \Delta_{\text{сағ}(-)}^{\text{ТҰТЫН}} * B_{\text{сағ}}^{\text{Болж.БС}}$$

$S_{\text{сағ}}^{\text{Авар}}$

– "Авария" режимінде тәуліктегі аталған сағат ішінде теңгерімдеу аймағындағы теңгерімдеуші нарықтың есеп айырысу орталығының шығындары (кірістері);

$\Delta_{\text{сағ}(+)}^{\text{ЭӨҰ}}$

– "Авария" режимі жарияланған есептік кезеңдегі (күнтізбелік айдағы) сағат ішінде электр энергиясын сатуға шекті тарифтері бар және Жүйелік оператордың өкімдерін орындаған энергия өндіруші ұйым жасаған оң теңгерімсіздік, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$B^{\text{шек}}$

– "Авария" режимі жарияланған есептік кезеңдегі (күнтізбелік айдағы) сағат ішінде электр энергиясын сатуға арналған шекті тарифтері бар және Жүйелік оператордың өкімдерін орындаған энергия өндіруші ұйымның шекті тарифі, теңге/ кВт * сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$\Delta_{\text{сағ}(-)}^{\text{ЭӨҰ}}$

– "Авария" режимі жарияланған есептік кезеңдегі (күнтізбелік айдағы) сағат ішінде электр энергиясын сатуға шекті тарифтері бар және Жүйелік оператордың өкімдерін орындаған энергия өндіруші ұйым жасаған теріс теңгерімсіздік, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$B_{\text{сағ}}^{\text{Болж.БС}}$

– тәуліктегі осы сағат ішінде Бірыңғай сатып алушының болжамды базалық бағасының мәні, теңге/кВт * сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$\Delta_{\text{сағ}(-)}^{\text{ТҰТЫН}}$

– "Авария" режимі жарияланған есептік кезеңдегі (күнтізбелік айдағы) сағат ішінде электр энергиясын сатуға шекті тарифтері жоқ және Жүйелік оператордың өкімдерін орындайтын энергиямен жабдықтаушы ұйымдар, электр энергиясын тұтынушылар және цифрлық майнерлер, құрамына энергия өндіруші ұйымдар кіретін өнеркәсіптік кешендер жасаған теріс теңгерімсіздік, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді).

"Авария" режимі әрекет етпеген сағаттарда

$S_{\text{ч}}^{\text{Авар}}$

мәні нөлге теңеледі."

3. "Электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 24 ақпандағы № 137 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10550 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын ұйымдастыру қағидаларында:

2-тармақта:

10) тармақша жаңа редакцияда жазылсын:

"10) сауда-саттық қорытындылары туралы хабарлама – орталықтандырылған сауда нарығының операторы әзірлеген, өткізілген электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығының нәтижелері бойынша жасалатын құжат;"

12) және 13) тармақшалар жаңа редакцияда жазылсын:

"12) сауда-саттыққа қатысушының операторы – электрондық сауда жүйесіндегі жұмыс бойынша орталықтандырылған сауда нарығы операторынан оқытудан өткен және электрондық сауда жүйесіне қол жеткізе алатын, электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығына қатысуға байланысты ақпаратты енгізуге құқылы сауда-саттыққа қатысушының жауапты қызметкері;

13) сауда-саттыққа қатысушы оператордың жұмыс орны – сауда-саттыққа қатысушының жауапты қызметкерінің электрондық сауда жүйесіне, оның ішінде жабдыққа қойылатын талаптарға сәйкес жарактандырылған сауда-саттыққа қатысушы оператордың жеке кабинетіне кіру жүзеге асырылатын орын;"

22) тармақша алып тасталсын;

12-тармақтың 2) тармақшасы алып тасталсын;

13-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"13. Орталықтандырылған сауда нарығының операторымен Қатысу шартын жасасқаннан кейін сауда-саттыққа қатысушы ерікті негізде электрондық сауда жүйесінің бағдарламалық қамтылымымен жұмыс істеу бойынша нұсқамадан өтеді. Ол үшін сауда-саттыққа қатысушы орталықтандырылған сауда нарығының операторына оқытуға жіберілетін қызметкерлердің тізімін ұсынады.";

20-тармақтың 8) тармақшасы алып тасталсын;

29-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"29. Осы Қағидаларға сәйкес ресімделген сатып алуға/сатуға арналған сауда сессиясына қатысуға өтінімді электрондық сауда жүйесіне беру оның сауда-саттық сессиясына қатысуға өтінімінде көрсетілген бағалар бойынша электр энергиясын сатып алуға/ сатуға мәміле жасасуға оны берген сауда-саттыққа қатысушының келісімінің қажетті және жеткілікті куәлігі болып табылады.";

40-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"40. Сатып алуға арналған сауда сессиясына қатысуға арналған өтінімдегі баға Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 106 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10531 болып тіркелді) бұйрығымен бекітілген Электр энергиясының көтерме нарығын ұйымдастыру мен оның жұмыс істеу қағидаларына 4-қосымшада көзделген тәртіппен айқындалған бірыңғай сатып алушының электр энергиясын сатып алуға арналған есептік бағасынан бастапқы бағадан төмен емес көрсетіледі.

Орталықтандырылған сауда нарығының операторы электр энергиясын бірыңғай сатып алушының ресми интернет-ресурсында 12 (он екі) ай кезеңіне электр энергиясын сатып алуға арналған есептік баға туралы ақпарат алады.";

мынадай мазмұндағы 46-1-тармақпен толықтырылсын:

"46-1. Цифрлық майнерлер үшін электр энергиясының бағасы мыналардан тұрады:

1) электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығындағы сатып алу бағасы;

2) ұлттық желілерді пайдалану бойынша көрсетілетін қызметтің бағасы;

3) электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтің бағасы;

4) электр энергиясын желілер арқылы беру бойынша энергия беруші ұйымдар көрсететін қызметтің бағасы;

5) электр қуатының жүктемені ұстап тұру бойынша әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің бағасы;

6) электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын ұйымдастыру және өткізу бойынша көрсетілетін қызметтің бағасы;

7) сауда жүйесінің электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығын өткізуге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызметтің бағасы.";

53-тармақ алып тасталсын;

63-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"63. Операциялық тәуліктің алдындағы тәуліктің 11-40 сағатында (Астана уақыты бойынша) электрондық сауда жүйесі сатуға өтінімдерді қабылдауды 50 секундқа тоқтата тұрады және осы уақыт ішінде сатуға берілген өтінімдер негізінде энергия өндіруші ұйымдар үшін орталықтандырылған сауда-саттықтың алдын ала қорытындыларын көрсетеді. Содан кейін сатуға өтінімдерді қабылдауды операциялық тәуліктің алдындағы тәуліктің 11-50 сағатына (Астана уақыты бойынша) дейін жалғастырады.";

72-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"72. Энергия өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясымен орталықтандырылған сауда-саттықтың алдын ала нәтижелері туралы хабарламаларды орталықтандырылған сауда нарығының операторы тек жүйелік операторға және бірыңғай сатып алушыға жібереді, ал сауда-саттыққа қатысушылар үшін алдын ала нәтижелерді сауда-саттық сессиялары аяқталғаннан кейін көруге қолжетімді болады.";

78-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"78. Орталықтандырылған сауда нарығының операторы электр энергиясын өндірудің/тұтынудың бекітілген тәуліктік кестесіне енгізілген көлемдердің расталуын алғаннан кейін 10 минут ішінде сауда-саттыққа қатысушыларға және бірыңғай сатып алушыға электрондық поштаны қолдана отырып, орталықтандырылған сауда-саттықта жасалған мәмілелерді, операциялық тәуліктің әрбір сағатына мәмілелердің белгілі бір бағаларын, сауда-саттыққа қатысушылар сатқан электр энергиясының көлемін көрсете отырып, өткізілген орталықтандырылған сауда-саттықтың нәтижелері туралы хабарлама жібереді.".

4. "Электр қуатының нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 152 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10612 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Электр қуатының нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларында:

60-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"60. Есепті кезеңдегі (күнтізбелік айдағы) қуат нарығын тұтынушылардың электр қуатының нақты ең жоғары мәндерін Жүйелік оператор әрбір есепті кезеңнің (күнтізбелік айдың) қорытындылары бойынша мынадай әдістер бойынша айқындайды:

1) ішінара орташалау әдісі бойынша – энергия беруші ұйымдар мен өнеркәсіптік кешендерінен басқа, қуат нарығының барлық тұтынушылары үшін. Бұл ретте осы әдісті энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға қолданған кезде электрмен жабдықтауды энергиямен жабдықтаушы ұйымдар жүзеге асырған электр энергиясының бөлшек сауда нарығы субъектілерін тұтынудың электр қуаты ғана есепке алынады;

2) толық орташалау әдісі бойынша – энергия беруші ұйымдар үшін;

3) аралас орташалау әдісі бойынша өнеркәсіптік кешендер үшін.

Жүйелік оператор электр энергиясын өндіру-тұтынудың нақты теңгерімі бекітілген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қуат нарығын тұтынушылардың электр қуатының нақты ең жоғары мәндері туралы тиісті есеп түрінде бірыңғай сатып алушыға есептік кезең (күнтізбелік ай) үшін нақты ең жоғары қуат нарығын тұтынушылардың электр қуатының мәндерін береді, ол электр қуатының жүктемені көтеруге дайындығын қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызмет көлемінің есептік кезеңінде бірыңғай сатып алушы тұтынушыға нақты көрсеткен қуат нарығын есептеу үшін растайтын құжат болып табылады.

Есепті кезеңдегі (күнтізбелік айдағы) қуат нарығын тұтынушының электр қуатының нақты ең жоғары мәнін айқындау кезінде пайдаланылатын электр қуатының мәндері келісілген хаттамалар бойынша электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің деректер базасынан Жүйелік оператордың электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің орталық деректер базасына сағаттық есепке алу деректерін беруді қамтамасыз ететін коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің деректері бойынша айқындалады. Жүйелік операторда электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің (бұдан әрі – ЭКЕАЖ) деректері болмаған кезде электр қуатының есепті кезеңдегі (күнтізбелік айдағы) әрбір сағаты үшін қуат нарығын тұтынушының электр қуатының нақты ең жоғары мәнін айқындау кезінде пайдаланылатын электр қуатының мәндері осы қуат нарығын тұтынушының электр энергиясын тұтыну көлемінің есепті кезеңдегі (күнтізбелік айдағы) нақты мәнінің туындысы ретінде айқындалады, $1 \text{ (бір) сағатқа бөлінген МВт} * \text{сағ}$ (электр энергиясын өндіру-тұтыну фактілік балансына сәйкес), және өңірдің өңірлік жүктеме бейінінің есептік кезеңіне (күнтізбелік айына) сәйкес келеді.

Жүйелік оператор өңірдің өңірлік жүктеме бейінін ай сайын есептік кезең (күнтізбелік ай) қорытындылары бойынша осы Қағидаларға 7-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша айқындайды.

Жүйелік оператор есептік кезеңнен кейінгі айдың жиырмамыншы күніне дейін өзінің ресми интернет-ресурсында өңірдің өңірлік жүктеме бейінін жариялайды.";

2-қосымшада:

3-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"3. k_3 коэффициентін анықтау

$k_3 = R_{op} / (R_{\Sigma})$, мұндағы

R_{op} – есепті кезеңде энергия өндіруші ұйым орындаған жоғарылатуға және төмендетуге арналған теңгерімдеуге өтінімдердің жиынтық саны;

R_{Σ} - есепті кезеңде жоғарылатуға және төмендетуге арналған теңгерімдеуге энергия өндіруші ұйымның Жүйелік оператор іске қосқан өтінімдерінің жиынтық саны.

$R_{\Sigma} = 0$ болған жағдайда k_3 коэффициенті 1-ге тең болады.

k_3 коэффициентінің мәні 2023 жылғы 1 шілдеден бастап 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін бірге теңеледі."

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігінің
өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
1-қосымша
Электр энергиясының көтерме
нарығын ұйымдастыру мен
оның жұмыс істеу қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Сатып алуға өтінім. Сатуға өтінім

Жіберуші		01:00		МВт	13:00		МВт
		02:00		МВт	14:00		МВт
Контрагент		03:00		МВт	15:00		МВт
		04:00		МВт	16:00		МВт
Операция		05:00		МВт	17:00		МВт
		06:00		МВт	18:00		МВт
		07:00		МВт	19:00		МВт
		08:00		МВт	20:00		МВт
		09:00		МВт	21:00		МВт
		10:00		МВт	22:00		МВт
		11:00		МВт	23:00		МВт
		12:00		МВт	24:00		МВт

Ескертпе:

* мәндер мыңнан біріне дейінгі дәлдікпен көрсетіледі

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігінің
өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
2-қосымша
Электр энергиясының көтерме
нарығын ұйымдастыру мен

Тәуліктің нақты сағатына базалық бағаның нақты мәнін есептеу тәртібі

1. Тәуліктің нақты сағатына базалық бағаның нақты мәні, теңгемен/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді), ҚҚС-сыз мынадай формула бойынша айқындалады:

$$Ц_{\text{қалд}}^{\text{БС}} = \frac{S_{\text{шығын}}^{\text{БС}} - S_{\text{кіріс}}^{\text{БС}}}{W_{\text{қалд}}^{\text{БС}}}, \text{ мұндағы:}$$

$Ц_{\text{қалд}}^{\text{БС}}$

- тәуліктің нақты сағатына базалық бағаның нақты мәні, теңгемен/кВт*сағ, (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді), ҚҚС-сыз;

$S_{\text{шығын}}^{\text{БС}}$

- электр энергиясын бірыңғай сатып алушының тәуліктің осы сағатына электр энергиясын сатып алуға жұмсаған шығындарының сомасы, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді), ҚҚС-сыз;

$S_{\text{кіріс}}^{\text{БС}}$

- электр энергиясын бірыңғай сатып алушының тәуліктің осы сағатына электр энергиясын сатудан түскен кірістерінің сомасы, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді), ҚҚС-сыз;

$W_{\text{қалд}}^{\text{БС}}$

- цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асырмайтын және атаулы қолдауды алушылар тізіміне енгізілмеген электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері, сондай-ақ шартты тұтынушылар болып табылатын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан тәуліктің осы сағатына сатып алған электр энергиясының жиынтық көлемі (электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан тәуліктің осы сағатына электр энергиясын сатып алудың жалпы көлемі бөлігінде жүйелік оператор (түзетулерді ескере отырып) бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тиісті тәуліктік графигіне енгізілген электр энергиясын сатып алудың рұқсат етілген ең аз сағаттық көлемінің сомасынан артық (бүтін санға дейін дөңгелектенеді)).

2. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының тәуліктің осы сағатына электр энергиясын сатып алуға жұмсаған шығындарының сомасы мынадай формула бойынша айқындалады:

$$S_{\text{шығын}}^{\text{БС}} = \sum_{i=1}^a (T_{\text{рм.і}} * C_{\text{сағ}} * W_{\text{рм.і}}) + \sum_{i=1}^b (T_{\text{жэо.і}} * C_{\text{сағ}} * W_{\text{жэо.і}}) + \sum_{i=1}^c (C_{\text{оcc.і}} * W_{\text{оcc.і}}) + S_{\text{имп}}^{\text{БС}} + \Delta_{\text{қолд}}^{\text{жэк}}, \text{ мұндағы:}$$

$S_{\text{шығын}}^{\text{БС}}$

- электр энергиясын бірыңғай сатып алушының тәуліктің осы сағатына электр энергиясын сатып алуға жұмсаған шығындарының сомасы, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді), ҚҚС-сыз;

$T_{\text{рм.і}}$

- Заңның 15-4, 15-6 және 15-8-баптарына сәйкес электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы электр қуаты нарығында бір немесе бірнеше ұзақ мерзімді шарттар жасасқан і-ші энергия өндіруші ұйымның электр энергиясына шекті тарифінің мәні, теңгемен/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді) ҚҚС-сыз;

$W_{\text{рм.і}}$

- Заңның 15-4, 15-6 және 15-8-баптарына сәйкес электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы электр қуаты нарығында бір немесе бірнеше ұзақ мерзімді шарттар жасасқан і-ші энергия өндіруші ұйым тәуліктің осы сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға сатқан электр энергиясының көлемі (қуаты осы шарттардың мәні болып табылатын генерациялайтын қондырғылар есебінен құру жоспарланған электр энергиясын сату көлемі), кВт*сағ-пен (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$T_{\text{жэо.і}}$

- құрамына қалалар мен аудандарды орталықтандырылған жылумен жабдықтауды жүзеге асыратын жылу электр орталықтары (электр энергиясы тиісті Тұлғалар тобы шеңберінде тұтынылатын жылу электр орталықтарын қоспағанда) кіретін і-ші энергия өндіруші ұйымның электр энергиясына шекті тарифінің мәні, теңгемен/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді), ҚҚС-сыз;

$W_{\text{жэо.і}}$

- электр энергиясы тиісті Тұлғалар тобы шеңберінде тұтынылатын жылу электр орталықтарын қоспағанда, құрамына қалалар мен аудандарды орталықтандырылған жылумен жабдықтауды жүзеге асыратын жылу электр орталықтары кіретін і-ші энергия өндіруші ұйым электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға тәуліктің осы сағатына сатқан электр энергиясының көлемі кВт*сағ (бүтінге дейін дөңгелектенеді);

$C_{\text{occ.i}}$

- і-ші энергия өндіруші ұйым тәуліктің осы сағатына электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығында (сатушыларды іріктеу бойынша) электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға электр энергиясын сатқан баға, теңгемен/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді), ҚҚС-сыз;

$W_{\text{occ.i}}$

- і-ші энергия өндіруші ұйым тәуліктің осы сағатына электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығында (сатушыларды іріктеу бойынша) электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға сатқан электр энергиясының көлемі, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$C_{\text{сағ}}$

- осы Қағидаларға сәйкес айқындалатын тиісті сағаттық мөлшерлеме;

$\sum_{i=1}^a, \sum_{i=1}^b, \sum_{i=1}^c$, – і бойынша қосынды;

і - тиісінше 1-ден a, b, c, дейін өзгертін реттік нөмірі;

a – электр қуаты нарығында Заңның 15-4, 15-6 және 15-8-баптарына сәйкес электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы бір немесе бірнеше ұзақ мерзімді шарттар жасасқан, тәуліктің осы сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға электр энергиясын сатқан энергия өндіруші ұйымдардың саны;

b – электр энергиясы тиісті Тұлғалар тобы шеңберінде тұтынылатын жылу электр орталықтарын қоспағанда, құрамына тиісті қалалар мен аудандарды орталықтандырылған жылумен жабдықтауды жүзеге асыратын жылу электр орталықтары кіретін энергия өндіруші ұйымдардың саны;

c – тәуліктің осы сағатына электр өндіруші ұйымдар үшін электр энергиясының орталықтандырылған сауда-саттығында электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға электр энергиясын сатқан энергия өндіруші ұйымдардың саны;

- тәуліктің осы сағатына импорттық электр энергиясын сатып алуға арналған электр энергиясын бірыңғай сатып алушының шығындарының сомасы, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді), ҚҚС-сыз;

$\Delta_{\text{қолд.}}^{\text{ЖЭК}}$

– тәуліктің осы сағатына электр энергиясын сатып алу кезінде электр энергиясын бірыңғай сатып алушыда туындаған жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдауға жұмсалған шығындар ҚҚС-сыз теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді) ;

$\Delta_{\text{қос.}}^{\text{БС}}$

- электр энергиясын беру бойынша көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу себебінен есеп айырысу кезеңі (күнтізбелік ай) ішінде Заңның 19-1-бабы 3-тармағының 13) тармақшасына сәйкес электр энергиясын бірыңғай сатып алушыда туындаған қосымша шығындар, электр энергиясының экспортына байланысты электр энергиясын беру бойынша көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу себебінен туындаған шығындар, электр энергиясын бірыңғай сатып алушының орталықтандырылған сауда нарығы операторының алдындағы шығындары, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді), ҚҚС-сыз.

2.1. Тәуліктің осы сағатына (сағатына) импорттық электр энергиясын сатып алуға арналған электр энергиясын бірыңғай сатып алушының шығындарының сомасы мынадай формула бойынша айқындалады:

$$S_{\text{имп}}^{\text{БС}} = \sum_{i=1}^d ((C_{\text{имп.}i} + C_{\text{дисп}}) * W_{\text{имп.}i}), \text{ мұндағы:}$$

$S_{\text{имп}}^{\text{БС}}$

- тәуліктің осы сағатына импорттық электр энергиясын сатып алуға арналған электр энергиясын бірыңғай сатып алушының шығындарының қосындысы, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді), ҚҚС-сыз;

$C_{\text{имп.}i}$

- тәуліктің осы сағатына импорттық электр энергиясын сатып алуға арналған электр энергиясын бірыңғай сатып алушының i -шартында көрсетілген, i -шарттың талаптарына сәйкес бағам бойынша теңгемен/кВт*сағ айырбасталған электр энергиясын сатып алу бағасы, (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді), ҚҚС-сыз.

$C_{\text{дисп}}$

- тиісті есеп айырысу кезеңі (күнтізбелік ай) үшін жүйелік оператор мен электр энергиясын бірыңғай сатып алушы арасында жасалған техникалық диспетчерлеу бойынша қызметтер көрсетуге арналған тиісті шартта көрсетілген техникалық диспетчерлеу жөніндегі қызметтердің тарифі.

$W_{\text{имп.і}}$

- электр энергиясын бірыңғай сатып алушы импорттық электр энергиясын сатып алуға арналған электр энергиясын бірыңғай сатып алушының i шарты бойынша тәуліктің осы сағатына сатып алған электр энергиясының көлемі, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді), ҚҚС-сыз;

$\sum_{i=1}^d$, – i бойынша қосынды;

i – 1-ден d -ге дейін өзгертін реттік нөмірі;

d – электр энергиясын бірыңғай сатып алушының импорттық электр энергиясын сатып алуға арналған шарттарының саны, олардың шеңберінде электр энергиясын бірыңғай сатып алушы тәуліктің осы сағатына импорттық электр энергиясын сатып алған.

2.2 Электр энергиясын бірыңғай сатып алушыда тәуліктің осы сағатына электр энергиясын сатып алу кезінде туындаған жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдауға арналған шығындар (

$\Delta_{\text{жЭК}}^{\text{қолд}}$

), мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\Delta_{\text{жЭК}}^{\text{қолд}} = \left(\sum_{i=1}^P (C_{\text{жЭК}(1),i} * W_{\text{жЭК}(1),i}) + \frac{\sum_{i=1}^W (C_{\text{жЭК}(2),i} * W_{\text{жЭК}(2),i})}{N_{\text{ай}}} + \frac{S_{\text{жЭК}}^{\text{б/п}} + S_{\text{жЭК}}^{\text{ЭТН}} + S_{\text{опер}}^{\text{БС}} + S_{\text{рез.қор}}^{\text{БС}}}{N_{\text{ай}}} \right), \text{ мұндағы:}$$

$\Delta_{\text{жЭК}}^{\text{қолд}}$

- электр энергиясын сатып алу кезінде электр энергиясын бірыңғай сатып алушыда тәуліктің осы сағатына туындаған жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдауға жұмсалған шығындар, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді), ҚҚС-сыз;

$C_{\text{жЭК}(1).i}$

- жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы заңнамаға сәйкес электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен жасалған жаңартылатын энергия көздерін (қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды) пайдаланатын і-ші энергия өндіруші ұйымның электр энергиясын ұзақ мерзімді сатып алу-сату шартының бағасы, ҚҚС-сыз теңгемен/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$W_{\text{жЭК}(1).i}$

- жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы заңнамаға сәйкес электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен жасалған электр энергиясын ұзақ мерзімді сатып алу-сату шарты шеңберінде жаңартылатын энергия көздерін (қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды) пайдаланатын і-ші энергия өндіруші ұйым тәуліктің осы сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға сатқан электр энергиясының көлемі, теңгемен/кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді), ҚҚС-сыз;

$C_{\text{жЭК}(2).i}$

- жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы заңнамаға сәйкес қаржы есеп-айырысу орталығымен жасалған жаңартылатын энергия көздерін (қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды) пайдаланатын і-энергия өндіруші ұйымның электр энергиясын ұзақ мерзімді сатып алу-сату шартының бағасы, ҚҚС-сыз теңгемен/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді);

$W_{\text{жЭК}(2).i}$

- жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы заңнамаға сәйкес қаржы есеп-айырысу орталығымен жасалған электр энергиясын ұзақ мерзімді сатып алу-сату шарты шеңберінде электр энергиясының көтерме сауда нарығында өндіру-тұтынудың нақты теңгеріміне сәйкес тәуліктің осы сағатына жататын есеп айырысу кезеңі (күнтізбелік ай) ішінде жаңартылатын энергия көздерін (қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды) пайдаланатын і-энергия өндіруші ұйымның электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға сатқан электр энергиясының көлемі, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$S_{\text{жЭК}}^{\text{ө.т/т}}$

- тиісті есеп айырысу кезеңі (күнтізбелік ай) үшін электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерге электр энергиясын бірыңғай сатып алушының (күнтізбелік айға) нақты шығындары, ҚҚС-сыз теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді), олар мынадай формула бойынша айқындалады:

$$S_{\text{жЭК}}^{\text{ө.т/т}} = T_{\text{ө.т/т}} * W_{\text{жЭК.нақты (ай)}}, \text{ мұндағы}$$

$$T_{\text{ө.т/т}}$$

- жүйелік оператордың тиісті есеп айырысу кезеңінде (күнтізбелік ай) электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру жөніндегі қызметтерге арналған тарифі, теңгемен/кВт*сағ, ҚҚС-сыз,

$$W_{\text{жЭК.нақты}}$$

- тиісті есеп айырысу кезеңінде (күнтізбелік ай) жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы заңнамаға сәйкес жаңартылатын энергия көздерін (қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды) пайдаланатын және электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен жасалған электр энергиясын сатып алу-сатудың ұзақ мерзімді шарты бар энергия өндіруші ұйымдардың желіге жіберген электр энергиясының нақты көлемі теңгемен/кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$$S_{\text{жЭК}}^{\text{ЭТН}}$$

- тиісті есеп айырысу кезеңі (күнтізбелік ай) үшін электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында (кірістерді шегергенде) жұмсалған электр энергиясын бірыңғай сатып алушының нақты шығындары, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді), ҚҚС-сыз ;

$$S_{\text{опер}}^{\text{БС}}$$

- электр энергиясын бірыңғай сатып алушының тиісті есеп айырысу кезеңі (күнтізбелік ай) үшін оның қызметін жүзеге асыруға байланысты Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 118 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10622 болып тіркелген) бекітілген Жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тарифті айқындау қағидаларына (бұдан әрі – Жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тарифті айқындау қағидалары) сәйкес айқындалатын нақты шығындары, теңгемен, ҚҚС-сыз;

$$S_{\text{рез.қор}}^{\text{БС}}$$

- тиісті есеп айырысу кезеңі (күнтізбелік ай) үшін резервтік қорды қалыптастыруға арналған электр энергиясын бірыңғай сатып алушының Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің м.а. 2016 жылғы 29 шілдедегі № 361 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14210 болып тіркелген) Резервтік қорды қалыптастыру және пайдалану қағидаларына сәйкес айқындалатын нақты шығындары, теңгемен;

Най - тиісті есеп айырысу кезеңіндегі (күнтізбелік айдағы) сағат санын көрсететін өлшеусіз коэффициент;

$$\sum_{i=1}^p$$

- бойынша қосынды;

i – тиісінше 1-ден p -ге дейін өзгертін реттік нөмірі;

p – жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы заңнамаға сәйкес жаңартылатын энергия көздерін (қалдықтарды энергетикалық кәдеге жарату) пайдаланатын және электр энергиясын бірыңғай сатып алушымен жасалған электр энергиясын сатып алу-сатудың ұзақ мерзімді шарты бар, тәуліктің осы сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға сатқан энергия өндіруші ұйымдардың саны;

w – жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы заңнамаға сәйкес жаңартылатын энергия көздерін (қалдықтарды энергетикалық кәдеге жаратуды) пайдаланатын және қаржы-есеп айырысу орталығымен жасалған электр энергиясын сатып алу-сатудың ұзақ мерзімді шарты бар, тәуліктің осы сағатына жататын есеп айырысу кезеңі (күнтізбелік ай) ішінде электр энергиясын бірыңғай сатып алушыға электр энергиясын сатқан энергия өндіруші ұйымдардың саны.

3. Электр энергиясын бірыңғай сатып алушының тәуліктің осы сағатына электр энергиясын сатудан түскен кірістерінің қосындысы (

$$S_{\text{кіріс}}^{\text{БС}}$$

) мынадай формула бойынша айқындалады:

$$S_{\text{кіріс}}^{\text{БС}} = T_{\text{жэк}}^{\text{қолд}} * \sum_{i=1}^k (W_{\text{жэк.і}}^{\text{ШТ}}) + \sum_{i=1}^l (C_{\text{майн.і}} * W_{\text{майн.і}}) + \sum_{i=1}^m (C_{\text{дифф.і}} * W_{\text{дифф.і}}), \text{ мұндағы:}$$

$$S_{\text{кіріс}}^{\text{БС}}$$

- электр энергиясын бірыңғай сатып алушының тәуліктің осы сағатына электр энергиясын сатудан түскен кірістерінің сомасы, теңгемен (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді), ҚҚС-сыз;

$$T_{\text{жэк}}^{\text{қолд}}$$

- Жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тарифті айқындау қағидаларына сәйкес айқындалатын тәуліктің осы сағатына жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тарифтің нақты мәні, теңгемен/кВт*сағ, ҚҚС-сыз, (үтірден кейін 4 белгіге дейінгі дәлдікпен дөңгелектенеді);

$W_{ж\acute{e}к.i}^{шт}$

- жүйелік оператор (түзетулерді ескере отырып) бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтырудың тиісті тәуліктік кестесіне енгізілген тәуліктің осы сағаты үшін электр энергиясын сатып алудың рұқсат етілген ең төмен сағаттық көлемінің мәніне тең, і-шартты тұтынушы электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан тәуліктің осы сағатына сатып алған электр энергиясының көлемі, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$Ц_{майн.i}$

- цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығының і-субъектісінің тәуліктің осы сағатына майнингтік бағасы, теңгемен/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді), ҚҚС-сыз;

$W_{майн.i}$

- цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығының і-субъектісі тәуліктің осы сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан сатып алған электр энергиясының көлемі, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$Ц_{дифф.i}$

- атаулы қолдауды алушылар тізіміне енгізілген электр энергиясының көтерме сауда нарығының і-субъектісі үшін тәуліктің осы сағатына атаулы қолдауды алушылар тізімінде көрсетілген электр энергиясын сатып алу бағасы, теңгемен/кВт*сағ (жүзден біріне дейін дөңгелектенеді), ҚҚС-сыз;

$W_{дифф.i}$

- атаулы қолдауды алушылар тізіміне енгізілген электр энергиясының көтерме сауда нарығының і-субъектісі тәуліктің осы сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан сатып алған электр энергиясының көлемі, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$\sum_{i=1}^k, \sum_{i=1}^l, \sum_{i=1}^m, - i$

- бойынша қосынды;

i – тиісінше 1-ден k , l , m , дейін өзгертін реттік нөмір;

k – тәуліктің осы сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алған шартты тұтынушылардың саны;

1 – тәуліктің осы сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алған, цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің саны;

m – тәуліктің осы сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алған, атаулы қолдауды алушылар тізіміне енгізілген электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің саны.

4. Цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асырмайтын және атаулы қолдауды алушылар тізіміне енгізілмеген электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері, сондай-ақ шартты тұтынушылар болып табылатын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан тәуліктің осы сағатына сатып алған электр энергиясының жиынтық көлемі (жүйелік оператор (түзетулерді ескере отырып) бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тиісті тәуліктік кестесіне енгізілген электр энергиясын сатып алудың рұқсат етілген ең аз сағаттық көлемінің сомасынан асып кететін тәуліктің осы сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан олардың электр энергиясын сатып алуының жалпы көлемі бөлігінде) (

$W_{\text{қалд.}}^{\text{БС}}$

) мынадай формула бойынша айқындалады:

$$W_{\text{қалд.}}^{\text{БС}} = \sum_{i=1}^r W_{\text{ктрме.}i}^{\text{БС}} - \sum_{i=1}^k (W_{\text{жэк.}i}^{\text{ШТ}}) - \sum_{i=1}^1 W_{\text{майн.}i} - \sum_{i=1}^m (W_{\text{дифф.}i}), \text{ мұндағы:}$$

$W_{\text{қалд.}}^{\text{БС}}$

- цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асырмайтын және атаулы қолдауды алушылар тізіміне енгізілмеген электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері, сондай-ақ шартты тұтынушылар болып табылатын электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан тәуліктің осы сағатына сатып алған электр энергиясының жиынтық көлемі (жүйелік оператор (түзетулерді ескере отырып) бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тиісті тәуліктік кестесіне енгізілген электр энергиясын сатып алудың рұқсат етілген ең аз сағаттық көлемінің сомасынан асып кететін тәуліктің осы сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан олардың электр энергиясын сатып алуының жалпы көлемі бөлігінде), кВт сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$W_{\text{ктрме.}i}^{\text{БС}}$

- электр энергиясының көтерме сауда нарығының i -субъектісі электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан тәуліктің осы сағатына сатып алған электр энергиясының көлемі, кВт сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$W_{\text{жэк.і}}^{\text{шт}}$

- жүйелік оператор (түзетулерді ескере отырып) бекіткен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тиісті тәуліктік кестесіне енгізілген тәуліктің осы сағаты үшін электр энергиясын сатып алудың рұқсат етілген ең аз сағаттық көлемінің мәніне тең, i -шартты тұтынушы электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан тәуліктің осы сағатына сатып алған электр энергиясының көлемі, кВт сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді));

$W_{\text{майн.і}}$

- цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығының i -субъектісі тәуліктің осы сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан сатып алған электр энергиясының көлемі, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$W_{\text{дифф.і}}$

- атаулы қолдауды алушылар тізіміне енгізілген электр энергиясының көтерме сауда нарығының i -субъектісі тәуліктің осы сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан сатып алған электр энергиясының көлемі, кВт*сағ (бүтін санға дейін дөңгелектенеді);

$\sum_{i=1}^r, \sum_{i=1}^k, \sum_{i=1}^l, \sum_{i=1}^m$, – i бойынша қосынды;

i – тиісінше 1-ден r, k, l, m , дейін өзгертін реттік нөмір;

r – тәуліктің осы сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алған электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің саны;

k – тәуліктің осы сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алған электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің (i -шартты тұтынушылар болып табылатын) саны;

l – тәуліктің осы сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алған, цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыратын электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің саны;

m – тәуліктің осы сағатына электр энергиясын бірыңғай сатып алушыдан электр энергиясын сатып алған, атаулы қолдауды алушылар тізіміне енгізілген электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілерінің саны.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ